

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ



ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Астана 2022

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2022 жылғы 15 қарашадағы №12 хаттама)

«Ұлттық және отбасылық құндылықтарды қалыптастыру» Әдістемелік ұсынымдар.– Астана: БІ.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022.
– 85 бет

Қазір білім беру процесінде білім алушылардың бойында тұлғалық құндылықтарды дамыту мәселесі тұрғаны белгілі. Жылдам өзгермелі, қарқынды дамып келе жатқан бүгінгі күнде жас ұрпақты тәрбиелеу – белгілі бір дағдарысты бастан кешіретін өте күрделі процесс. Қалалық және ауылдық жерлерде жастардың қоғамдағы мінез-құлқын бақылау негізінен алаңдаушылық тудыруда. Осы ретте білім алушылардың бойында тұлғалық құндылықтарды сіңіру басты орында болуы тиіс. Әдістемелік ұсынымдамада білім алушылардың бойында отбасылық және ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың әдіс-тәсілдері ұсынылады.

© БІ.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2022
© Национальная академия
образования им.БІ. Алтынсарина, 2022

КІРІСПЕ

Бүгінгі қоғам дамуында біздің күнделікті қарапайым тіршілігімізде сүйіспеншілік пен ізгілік, мейірімділік пен қайырымдылық, шыдамдылық пен имандылық, адалдық пен ибалық сияқты асыл қасиеттер маңызды.

Құндылық – бұл адамның қоғамда талпынатын идеялары, идеалдар мен өмірлік мақсаттары. Олар сүйіспеншілік, бедел, сыйластық, білім, денсаулық сияқты жалпы құндылықтар болса, сондай-ақ, ол саяси, діни және жеке, топтық, әлуметтік құндылықтар. Құндылықтар адамның жас ерекшеліктері мен олардың өмірлік жағдайларына байланысты бір жүйеге топтасады [1].

Жаһандық бәсекеге қабілетті адами капитал сапасын жақсарту мақсатында егемен елімізді өркениетке жетелейтін білім бастауында мектеп, ал сол мектепте жас ұрпақтың бойында білім негізінің іргетасын қалаушы – ұстаз тұрғаны белгілі. Бүгінгі таңда білім беруді модернизациялау азаматтық жауапкершілігі мол, адамгершілігі жоғары, әлеуметтенуге тиімді және өзін-өзі анықтауға қабілетті тұлғаны дамытуды қажет етеді.

Алайда, қоғамның сұранысына сай, бәсекеге қабілетті тұлғаны даярлауда білім беру жүйесінде кейбір өзгерістерді байқауға болады.

Қазір білім беру процесінде білім алушылардың бойында тұлғалық құндылықтарды дамыту мәселесі тұрғаны белгілі. Жылдам өзгермелі, қарқынды дамып келе жатқан бүгінгі күнде жас ұрпақты тәрбиелеу – белгілі бір дағдарысты бастан кешіретін өте күрделі процесс. Қалалық және ауылдық жерлерде жастардың қоғамдағы мінез-құлқын бақылау негізінен алаңдаушылық тудыруда. Руханият пен жағымды мінез-құлқтың жеткіліксіздігі, нашақорлық пен алкоголизмге деген құштарлық, моральдық бұрмалану, қылмыс, буллинг, алдау, жыныстық түсініксіздік, идеалдардың болмауы және басқа да көптеген жағымсыз құбылыстар жиі кездеседі. Осы ретте білім алушылардың бойында тұлғалық құндылықтарды сіңіру басты орында болуы керек [2].

Қазіргі білім беру модернизациясы білім алушылардың тұлғалық құндылық қасиеттерін дамытуда алдыңғы орынға қойылуы тиіс. Білім алушылардың тұлғалық құндылықтары олардың жеке тұлғалық нақты ұмтылысын, белгілі бір іс-әрекетті меңгеріп, онымен айналысуын қарастырады.

Олай болса, білім алушы – қоғамда жаңа идеяларға талпынып, өмірдің мәнін іздеуде өз білімін кеңейтуге талпынатын тұлға. Білім алушылардың білім алуына ата-ананың, мұғалімдердің, достарының ойы, қоғамдық ақпарат құралдары, оқыған кітаптары әсер етеді. Білім олардың құндылықтарының дамуына ықпал етеді.

Сондықтан білім алушылардың бойында тұлғалық құндылықтарын дамыта отырып, қазіргі өмірге сай бейімдеу, заманға сай өзгере алуына жағдай жасау керек. Қазіргі қоғам жас ұрпаққа бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие, рухани құндылықтары қалыптасқан тұлғаны қажет етіп отыр.

1 ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Отбасылық құндылықтар – бұл отбасының шынайы ынтымақтастығы. Барлық отбасы мүшелерінің бір-бірін құрметтеу мен қорғауда отбасылық құндылықтардың әсері мол, онсыз күшті, тірегі мықты отбасы бола алмайды. Отбасылық құндылықтардың қалыптасуы балалық кезеңнен басталады. Бала отбасының бір бөлігіне айналады және көп жағдайда (кейде тіпті бейсаналық түрде де), ол ересектер өміріндегі әкелер мен аналардың мұраттарын уағыздауды жалғастырады. Отбасылық құндылықтарды үйретудің ең жақсы әдісі ата-аналардың көрнекі және шынайы үлгі-өнегесі.

Отбасының идеялық құндылықтарының мәні неде деген сұрақты ашуда білім алушыларға отбасылық құндылықтарды айқындап, түсініктерін нығайту үшін төмендегі сұрақтармен жетелеуге болады:

«Отбасы» ұғымына сипаттама беріңіз?

Отбасының негізгі міндеттерін атап, сипаттама беріңіз?

Отбасылық қатынас негізі неде?

Отбасының ең маңызды құндылықтары қандай?

Берілген сұрақтарға жауап бере келе, білім алушыға отбасылық қарым-қатынастың әке мен ана арасындағы сүйіспеншілік пен борышына, ата-аналық сүйіспеншілікке, ұл бала мен қыз баланың перзенттік борышына негізделгендігін түсінуге көмектеседі. Отбасының негізгі құндылықтарын, идеялық құндылықтар мен адамгершілік, сүйіспеншілік, ұжымшылдық пен еңбекке адалдық көзқарасты қалыптастыру мәселесін оқу-тәрбие процесінде талдап, осы бағытта жүргізілетін іс-шаралар жүйелі болып отырса, тәрбиенің тиімділігі артатыны сөзсіз. Отбасының идеялық құндылықтары отбасылық дәстүрлерден көрініп отырады.

«Әке –шешесі жақсы болса, балалары да жақсы тәрбие алып өседі» деген бар яғни отбасындағы тәрбиеде ата-ананың рөлі басым. Ата-ананың бала тәрбиесіндегі сауаттылығы маңызды.

Біреудің ала жібін аттамау, зорлық-зомбылық қиянат жасамау, ұрлық, өтірік айтпау сияқты жағымсыз әдеттерден сақ болу адамзатқа тән құбылыс. Жаман әдеттерден аулақ болу адамзаттың әу бастан жаратылысының таза екенін аңғартады, өйткені адам табиғаты ерекше даналық пен ақылға ие. Жалпыадамзаттық құндылықтар философиялық түсінік әлем халықтарының барлығына тән ортақ құбылыс. Кемел ұстаз Конфуций: «Адамгершілік қасиетке деген құлшыныс барлық жамандық атаулыдан азат етеді» десе, философ, ғалым Т. Ғабитов «Құндылықтар ол қасиет – бала кезден ана сүтімен бірге өзінің ана тілі арқылы мораль негізі ретінде, өз тарихын, мәдениеті мен әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығады» деп тұжырымдайды.

Отбасында ата-ана ізгілік, адамгершілік, үйлесімді қарым-қатынас, өзгелерді сыйлау, жағымды мінез-құлық, батылдық, табандылық, міндеттілік, ынталылық, дәйектілік, жауапкершілік, адалдық, қызмет, парыз, пайдалылық, гигиена, жан тазалығы, өзін-өзі толыққанды сезінушілік, шат көңіл,

жасампаздық, үнемділік, өнімділік сияқты дұрыс әрекеттерді бала бойына қалыптастыра отырып, оларға дұрыс әрекеттер жасауына ықпал етіп отыруы керек.

Егер, отбасында сабырлылық, концентрация, шыдамдылық, жан мен сана тазалығы, өз-өзін сыйлау, дербестік, түсінушілік, абырой, ықыластық, бақыт, өзіне-өзі сену, ішкі тыныштық, өз-өзін қабылдау, терең ойлау, өз-өзін бақылау, өз-өзін лайықты бағалау, тәубешілік, ризашылық, қанағаттану, өзіндік ішкі тәртіп, оптимизм, үйлесімдік, теңдік сияқты қасиеттер орныққан болса, баланың бойында жүрек тыныштығы қалыптасалды.

Ата-ананың бойында өзінің жарына, баласына деген сүйіспеншілік қасиеттер қамқорлық, аяушылық, түсінушілік, кешірімділік, жылы ықылас, мейірбандық, өзара тәуелділік, жанашырлық, адалдық, қызмет ету, жанкештік, құрбандық, жомарттық, кеңпейілдік, төзімділік, шыдамдылық, ұстамдық, ойлампоздық, адамгершілік, наз, мейірімділік, сыйластық, достық болған жағдайда осы өзінің бойындағы құндылықтарды бала бойына мықтап сіңіре алады. Өйткені бала кішкентайынан көріп, ғибрат алып өссе, жан-дүниесі сүйіспеншілікке толы болады.

Бала тәрбиесінде ата-анаға берілетін 10 өсиет

- ✓ егер бала үнемі сынға алсаңыз, ол жек көруді үйренеді;
- ✓ егер бала үнемі араздықта өмір сүрсе, ол агрессивті болып өседі;
- ✓ егер баланы үнемі мазақ етіп, келемеждесе, ол тұйық, өзін шеттетіп өсетін болады;
- ✓ егер бала үнемі сөгіс алатын болса, ол кінәлі өмір сүруді үйренеді;
- ✓ егер бала үнемі жігерленсе, ол өзіне сенуге үйренеді;
- ✓ егер бала үнемі мадақталса, ол ризашылық білдіруді үйренеді;
- ✓ егер бала үнемі адалдықты көріп өссе, ол әділ болуды үйренеді;
- ✓ егер бала үнемі қауіпсіз өмір сүрсе, ол адамдарға сенуді үйренеді;
- ✓ егер балаға үнемі қолдау көрсетсе, ол өзін бағалауды үйренеді;
- ✓ егер бала үнемі түсіністік пен достықта өмір сүрсе, ол айналасындағы әлемнен сүйіспеншілік табуды үйренеді.

Отбасында балаға айтылатын өсиеттер:

- ✓ Ойыңды арамдық пен зұлымдықтан қорғасаң – әлемнің рухани тазалығын нығайтасың;
- ✓ Көзінді жамандық, зұлымдық және қызғаншақтықтан қорғасаң – әлемнің ғажап сұлулығын көресің;
- ✓ Құлағыңды өсек, өтірік, лақап сөзден қорға-саң – әлемнің шынайы дауысын естисің;
- ✓ Қолыңды адал, таза ұстасаң – әлемге әділдік орнатасың;
- ✓ Бойыңды ластан қорғасаң – әлемнің тазалығын қорғайсың;
- ✓ Пейілің мен ниетің ақ болса – әлемге сүйіспеншілік нұрын төгесің.

Білім алушының тұлғалық қасиетін тәрбиелеу жағдайына трансформацияланған әлеуметтену факторлары

Жеке тұлғаны тәрбиелеу шарттары:

Мегаорта	Макроорта	Мезоорта	Микроорта
Космос Планета Әлем	Ел Этнос Қоғам Мемлекет	Аймақ Аудан Қала Туған жері	Отбасы Құрбы-достары Ұжым Әлеуметтік орта
Тәрбиелеуші орта	Тәрбиелік іс-шаралар	Адамгершілік қатынас	Ақпараттық орта
Отбасы Ұжым Жасөспірімдер бірлестігі Клубтар Шығармашылық орталықтар Микросоциум Пәндік орта	-Ойын -Интеллектуалды-танымдық - Ғылыми - Еңбек - Қоғамдық -Қарым-қатынастық	- Адамдар - Кітаптар - Табиғат - Музыка - Өнер -Рухани-таным	- Кітап - Табиғат - Мәдениет -Социум -Субмәдениет -Мультимедиа -Кино -театр - Теледидар -БАҚ

Білім алушының тұлғалық қасиеттерін қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік факторларды ескере отырып, өз баласын тәрбиелеуде ата-ананың да мәдени, педагогикалық сауаттылығын арттырып отырған жөн. Осыған байланысты мектеп, ата-ана, білім алушы арасындағы байланысты нығайтатын іс-шаралар мазмұны терең болуы маңызды. Осы мақсатта білім беру ұйымдарына арналған арнайы бағдарламаны ұсынып отырмыз.

Білім алушыларды тәрбиелеу мен әлеуметтендіру бағдарламасы

Бағдарлама мақсаты: білім алушыларды тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің мақсатында отбасымен бірлестікте жоғары адамгершілік, шығармашылық, ұлттық, рухани-адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіре отырып, Қазақстан азаматының қалыптасуы мен дамуын әлеуметтік-педагогикалық қолдау. Қазақстан рухани және мәдени дәстүрлерге бай, сол себепті білім алушы өз елінің бүгінгі мен болашағы үшін жауапкершілікті сезінетін тұлға болып қалыптасуы тиіс.

Білім алушыларды тәрбиелеуде қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттер шешеді:

отбасылық мәдениетті қалыптастыру салалары:

- қоғамының негізі ретінде отбасына деген көзқарасты нығайту;
- адамның тұрақты және табысты дамуы үшін отбасының маңызы туралы идеяларды қалыптастыру;
- білім алушының ата-анасына құрметпен қарауын, үлкендер мен кішілерге саналы, қамқор қарым-қатынасын нығайту;
- отбасылық өмірдің сүйіспеншілік, жақын адамға қамқорлық, ұрпақ жалғастыру, отбасы мүшелерінің рухани және эмоционалды жақындығы, өзара көмек және т.б. сияқты адамгершілік құндылықтарын игеру;
- өз отбасының әлеуметтік-психологиялық әл-ауқатына қамқорлық жасаудың бастапқы тәжірибесін қалыптастыру;
- өз ұлтының, отбасының дәстүрлерін, Қазақстандағы өзге ұлттардың мәдени-тарихи және этникалық дәстүрлерін білу.

жеке мәдениетті қалыптастыру:

- дәстүрлі адамгершілік көзқарастар мен моральдық нормалар, үздіксіз білім беру, өзін-өзі тәрбиелеу және әмбебап рухани-адамгершілік құзыреттілік негізінде рухани даму, әлеуметтік бағдарланған, қоғамдық пайдалы қызметте шығармашылық әлеуетті іске асыру «жақсы тұлға болу» қабілетін қалыптастыру;

- ерік бостандығы мен рухани отандық дәстүрлерге негізделген адамгершілікті нығайту, білім алушының жеке басының ішкі көзқарасы өз ар-ұжданына сәйкес әрекет ету;

- жеке тұлғаның (ар-ожданның) адамгершілік өзін-өзі тану негіздерін қалыптастыру – жасөспірімнің өзінің адамгершілік міндеттемелерін тұжырымдау, адамгершілік өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру, адамгершілік нормаларын орындауды талап ету, өзінің және басқалардың іс-әрекеттеріне адамгершілік баға беру қабілеті;

- адамгершілік қасиеттің мәнін, әлеуметтік бағдарланған және әлеуметтік пайдалы қызметті қалыптастыру;

- адамгершілікті қалыптастыру – білім алушылардың басқа адамдардың игілігіне бағдарланған және жақсылық пен жамандық, әділ және әділетсіз, ізгілік пен жамандық, тиісті және жол берілмейтін дәстүрлі идеялармен айқындалатын мінез-құлықтың саналы қажеттілігін қалыптастыру;

- білім алушыларға негізгі ұлттық құндылықтарды, өз елінің ұлттық-рухани дәстүрлерін, салтын, әдет-ғұрпын игеру;

- жасөспірімнің жағымды моральдық өзін-өзі бағалауын, өзін-өзі сыйлауы мен өмірлік оптимизмін нығайту;

- эстетикалық қажеттіліктерді, құндылықтар мен сезімдерді дамыту;

- өзінің моральдық тұрғыдан негізделген ұстанымын ашық білдіру және дәлелдеу, өз ниеттеріне, ойлары мен іс-әрекеттеріне сыни көзқарас таныту қабілетін дамыту;

- моральдық таңдау негізінде жасалатын тәуелсіз қадамдар мен іс-әрекеттерге, олардың нәтижелері үшін жауапкершілікті қабылдау қабілетін дамыту;

- еңбекқорлықты, қиындықтарды жеңу қабілетін, нәтижеге қол жеткізуде табандылық пен шыдамдылықты дамыту;

- адамгершілік құндылықтар мен моральдық нормалар негізінде оқуға, еңбекке, әлеуметтік қызметке шығармашылық қатынасты қалыптастыру;

- жасөспірімде бастапқы кәсіби ниеттер мен мүдделерді қалыптастыру, болашақ кәсіби таңдаудың моральдық маңыздылығын түсіну;

- жасөспірімнің адам өмірінің құндылығын түсінуі, өз мүмкіндіктері шегінде адамның өміріне, физикалық және адамгершілік денсаулығына, рухани қауіпсіздігіне қауіп төндіретін іс-әрекеттер мен әсерлерге қарсы тұру қабілетін қалыптастыру;

- экологиялық мәдениетті, салауатты және қауіпсіз өмір салты мәдениетін қалыптастыру.

әлеуметтік мәдениетті қалыптастыру:

-отбасы мүшесінің, мектеп ұжымының, аумақтық-мәдени қауымдастықтың, этникалық қауымдастықтың, азаматтық бірегейлікті қалыптастыру;

- Еліне деген сенімді нығайту, Отан үшін жеке жауапкершілік сезімін, өз елінің өркендеуіне қамқорлық жасау;

- патриотизм мен азаматтық ынтымақтастықты дамыту;

- білім беру процесінде алынған білім негізінде жеке және әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуде педагогтермен, құрдастарымен, ата-аналармен, үлкендермен және кішілермен ынтымақтастықты ұйымдастыру және жүзеге асыру дағдыларын дамыту;

- жасөспірімдерде түрлі әлеуметтік және кәсіптік топтардың өкілдерімен қоғамдық қатынастар практикасы арқылы осы құндылықтарға бағдарланған және мінез-құлық үлгілеріне бағдарланған әлеуметтік басымдықтар мен құндылықтар туралы алғашқы дағдыларды, табысты әлеуметтенудің бастапқы дағдыларын қалыптастыру;

- жасөспірімдерде қоғамдағы сындарлы, табысты және жауапты мінез-құлық үшін қажетті әлеуметтік құзыреттерді қалыптастыру;

- өзге адамдарға, азаматтық қоғам институттарына, мемлекетке деген сенімді нығайту;

- ізгі ниет пен эмоционалды жауаптылықты, өзге адамдарға түсіністік пен жанашырлықты дамыту, адамдарға көмек көрсету тәжірибесін қалыптастыру;

- гуманистік және демократиялық құндылық бағдарларын игеру;

- Қазақстанның дәстүрлі діні мен діни ұйымдарына, өзге адамдардың сенімдері мен діни сенімдеріне саналы және құрметпен қарауды қалыптастыру, адамның, отбасы мен қоғамның өміріндегі діни мұраттардың маңыздылығын, өз елінің тарихи және мәдени дамуындағы дәстүрлі діндердің рөлін түсіну;

- этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, өзге ұлт өкілдерінің мәдени, діни дәстүрлерін, өмір салтын құрметтеу.

Білім алушыларды тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің бағыттары мен құндылық негіздері

Жалпыұлттық тәрбие идеалына қол жеткізу перспективасында білім алушыларды тәрбиелеу мен әлеуметтендіруді ұйымдастыру мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

Білім алушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру бағыттары	Құндылықтар
Азаматтыққа, патриотизмге, адам құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін құрметтеуге тәрбиелеу	Өз еліне, халқына, өлкесіне деген сүйіспеншілік; Отан қорғаушыларға деген құрмет; азаматтық қоғам, көпмәдениетті бейбітшілік, жеке және ұлттық бостандық, адамдарға деген сенім, қоғамға, мемлекетке деген сенімділік, әлеуметтік ынтымақтастық, бүкіл әлемдегі бейбітшілік, ұлттық мәдениетті құрметтеу және дәріптеу

<p>Әлеуметтік жауапкершілік пен құзыреттілікке тәрбиелеу</p>	<p>Құқықтық мемлекет, әлеуметтік мемлекет, заң және құқықтық тәртіп, әлеуметтік құзыреттілік, әлеуметтік жауапкершілік, Отанға қызмет ету, өз елінің бүгінгі мен болашағы үшін жауапкершілік, өз еліне жауап бере білу іс-әрекеттер, сыныптың, мектептің, отбасының, туған ауылының, қаласының істеріне белсенді қатысуға деген ұмтылыс.</p>
<p>Адамгершілік сезімдерді, сенімдерді, этикалық сананы тәрбиелеу</p>	<p>Адамгершілік таңдау; өмір мен өмірдің мәні; әділеттілік; мейірімділік; ар-намыс, қадір-қасиет; ата-ананы құрметтеу; басқа адамның қадір-қасиетін құрметтеу; теңдік; жауапкершілік; сүйіспеншілік пен адалдық, үлкендер мен кішілерге қамқорлық; ар-ождан мен дін бостандығы, толеранттылық, этика, сенім, руханият, конфессияаралық диалог негізінде қалыптасатын діни дүниетанымның құндылықтары; тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы; ықтимал теріс әсер туралы идеялар адамның моральдық-психологиялық жағдайы компьютерлік ойындар, кино, телебағдарламалар, жарнама.</p>
<p>Экологиялық, салауатты және қауіпсіз өмір салты мәдениетіне тәрбиелеу</p>	<p>Экологиялық қауіпсіздік; экологиялық сауаттылық; физикалық, физиологиялық, репродуктивті, психикалық, әлеуметтік-психологиялық, рухани денсаулық; экологиялық мәдениет; салауатты және қауіпсіз өмір салты; ресурс үнемдеу; экологиялық этика; экологиялық жауапкершілік; қоршаған ортаның экологиялық сапасын жақсарту үшін әлеуметтік серіктестік; табиғатпен үйлесімді қоғамның тұрақты дамуы, компьютерлік ойындардың, теледидардың, жарнаманың адам денсаулығына ықтимал теріс әсері туралы идеялар.</p>
<p>Еңбекқорлық. Білімге, еңбекке және өмірге саналы, шығармашылық қатынасты тәрбиелеу, мамандықты саналы түрде таңдауға дайындық</p>	<p>Ғылыми білім, білім мен шындыққа деген ұмтылыс, әлемнің ғылыми бейнесі, ілім мен өзін-өзі тәрбиелеудің адамгершілік мәні, тұлғаның интеллектуалды дамуы; еңбек пен еңбек адамдарына деген құрмет; еңбектің адамгершілік мәні, шығармашылық пен жасампаздық; мақсаттылық пен табандылық, үнемділік, мамандық таңдау.</p>
<p>Сұлулық пен әсемділікке деген құндылық қатынасын тәрбиелеу. Эстетикалық тәрбие – эстетикалық мәдениеттің негізі ретінде қалыптастыру.</p>	<p>Сұлулық, үйлесімділік, адамның рухани әлемі, шығармашылық пен өнердегі тұлғаның өзін-өзі көрсетуі, тұлғаның эстетикалық дамуы.</p>

Баламен нұсқау беру, бұйыру деңгейінде емес, құндылықтар деңгейінде сөйлесе білуі керек

2 ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Құндылықтар жүйесі – тұлғаның өмір сүріп отырған қоғамдағы идеологиясы мен мәдениетін бейнелейді. Құндылықтар адамның түрлі материалдық, моральдік, саяси және рухани, кәсіби, тұлғалық құндылықтарға деген қатынасының ішкі негізін көрсетеді. Оқу мен тәрбиедегі педагогикалық процесс негізінде туындайтын өзара қарым-қатынастар біріккен іс-әрекеттің мақсатына, ұйымдастырылуына, құндылығына байланысты. Олай болса мектептегі сабақта, сабақтан тыс ұйымдастырылған іс-шаралар білім алушылардың тұлғалық құндылықтарын қалыптастырып, дамытатындай болуы керек.

Адами құндылықтарға бейімделу, оны бойына сіңіру жеке тұлғаны қалыптастырушы негізгі факторлардың бірі. Ұлт пен ұлыстың руханияты, мәдениеті өзге ұлттармен салыстырғанда ұлттық-рухани құндылықтары өзіндік ерекшеліктер мен айырмашылықтарға толы. Құндылық, әсіресе ұлттық рухани құндылық ұғымы үлкен мәнге ие. Құндылық – мәдениеттің құрамдас бөлігі. Олай болса, құндылық адамдардың жеке тұлғасына қатысты тәрбиені жүзеге асырумен қатар, жалпы қоғамның дүниетанымдық көзқарасы мен ұстанымын, ертеңгі күн бағдарын анықтайды.

Ұлттық құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде беріліп отыратын баға жетпес асыл қазына.

Бүгінгі ұрпақты сонау замандардан жинақталған ата-бабаларымыздың мол мұрасымен сусындату – біздің міндетіміз. Ұлдың батыр, қыздың әдепті болып қалыптасуы бабаларымыздың өнеге-өсиетін сабақта ұтымды пайдалана білуіміз керек.

Қазіргі кезеңде ұстаздар қауымының алдында тұрған міндет – жастарға рухани тәрбие беру және осы мақсатта ұлтымыздың ұлы ғұламаларының рухани мұраларын жаңғырту, рухани құндылықтарымызды басшылыққа алу.

Ғұлама ұлы бабамыз Әл Фараби «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» десе, А.Байтұрсынов «Біз әрқашанда білімге ұмтыламыз. Негізінде ең бірінші тәлімге ұмтылуымыз керек. Бізге тәлімді рух, тәрбиелі білім қажет, тәрбиелі білімдар... Міне адам! Міне тұлға!» деп білімнен бұрын тәрбиеге көңіл аудару керектігін атап көрсеткен. Біз осы қағидаларды әрқашан жадымызда ұстауымыз керек. Ең алдымен, таза жанды, иманды, арлы, намысты, ұлты мен ұлттық құндылықтарды сүйетін тұлға тәрбиелеуге ұмтылуымыз керек.

Адалдық пен шыншылдық, адамгершілік, кішіпейілдік, қоғамдағы және өмірдегі қарапайымдылық пен сыпайылық, үлкенді сыйлау мен ибалық адамгершілік тәрбиесінің жүйелі мәселелері. Кез-келген халықтың адамгершілік-рухани өмірінің барлық кезеңінде ұлттық педагогика үлгілері бай және сан алуан, өйткені ол сан түрлі этникалық ұлыстардың мыңдаған жылғы тәжірибесімен жасалған педагогикалық мәдениеттің ажырамас бөлігі. Әрбір ұлттың рухани азығының қайнар бұлағы - оның ұлттық педагогикасы мен ұлттық салт-дәстүрлері. Адамгершілік қадір-қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіру, жалпы қазақ қоғамының, отбасының, тәлім- тәрбие қағидаларының басты өзегі.

«Үлкенге – құрмет, кішіге - ізет» деген қағидадан бастау алатын адамгершілік тәрбие мазмұны ұрпақты қоғамдық, әлеуметтік ортамен адамдармен ортадағы қарым-қатынастарға енуіне ықпал жасайтын жағымды мінез-құлықтық қасиеттерге баулиды. Тән азығы мен жан азығының тепе-теңдігін сақтап, әсіресе, жан азығына басым көңіл бөлген халқымыз өміртануды діттеп, оның пәлсапалық заңдылықтарын терең ұғынған. Жан азығынан мақұрым қалған адамның адамдық қасиеті жойылып, оның хайуанға айналатынын ертеден ұғынған халқымыз жан азығын ең әуелі нәрестеге бесік жыры арқылы әуезді әуенмен беруді бастайды, одан соң жас балаға жеке сөздерді ұғына бастағанда-ақ, оған жақсы мен жаманды ажыратып түсіндіреді. Әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, қонақжайлылық құндылықтары қалыптасқан халқымыздың осы асыл да абыройлы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл-парасатына азық ете білу үшін, әрбір тәрбиеші, ұстаз сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең білумен қатар, өзінің бойына адами құндылықтарды терең сіңірген, рухани жаны таза адам болуы шарт. Ол рухани-адамгершілік тағылымдарды өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде негізге алғаны жөн. Сонда ғана өзінің міндетін айқын сезіне білетін, мінез-құлқы жетілген саналы адам қалыптасады. Жас ұрпақты ұлтымыздың құнды еңбектерімен жас кезінен намысшыл, отаншыл болуға, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеуге міндеттіміз.

Ұлттық құндылықтарымыз ол тек ұлттық мерекеміз Наурыз мерекесін тойлап қоюмен ғана шектеліп қалмауы керек. Ұлттық құндылық ол – ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, аңыз ертегілер мен аңыз әңгімелер, жыр-дастардар мен қиса, сүрелер. Ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарымызды, ұлттық мәдениетімізді, өнерімізді, асыл мұрағаттарымызды дәріптеп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отыру әр бір педагогтің, ата-ананың борышына айналуы тиіс.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларға Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында өткізілетін тәрбиелік іс-шаралардың маңызы зор.

«Ұлттық құндылықтар» элективті курсының бағдарлама үлгісі

Түсіндірме жазба

Қазіргі қоғамның қарқынды өзгеруі жағдайында, ұлттық отбасылық тәрбиенің көптеген дәстүрлері жойылған бүгінгі таңда көптеген отбасылардың ыдырау деңгейі жоғары. Мұндай отбасының балалары отбасылық қатынастардың құндылығын сезбейді.

Қазіргі уақытта әлеуметтік-экономикалық факторлар әсері бір жағынан отбасының экономикалық функциясының кеңеюіне, екінші жағынан тәрбиенің әлсіреуіне әкелуде, бұл отбасына да, жалпы қоғамға да қауіпті.

Отбасы – адамзат мыңдаған жылдар бойы жасаған маңызды құндылықтардың бірі. Ешбір ұлт, бірде-бір мемлекет, бірде-бір мәдени қауымдастық отбасынсыз жасай алмайды. Отбасы адамның өмір бойы жеке және рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етеді. Тәрбие жүйесі және отбасының психологиялық ахуалы жас ұрпақтың мінезін, өмірлік ұстанымы

мен құндылық бағдарларын қалыптастыруға, демек, қоғамның одан әрі дамуына шешуші әсер етеді.

«Отбасылық құндылықтар» бағдарламасының өзектілігі – бұл моральдық құлдырау мен белгісіз руханият жағдайында бұқаралық ақпарат құралдарынан туындайтын әлеуметтік қауіп-қатерге қарсы тұратын тәрбиелік құрал. Бағдарлама сонымен қатар әлеуметтік қауіп-қатердің және отбасылық қарым-қатынас патологиясының сенімді алдын-алу, өмірдің мәні мен мақсатын терең түсінуді дамыту арқылы психикалық, әлеуметтік және рухани сауықтыруға әкелуі мүмкін.

Әрбір адам бастапқыда сүйіспеншілікке және мейірімділікке деген қажеттілікке ие, әркім өзінің жалғыз және қайталанбас кездесуін қалайды және онымен бірге өмір бойы бақытты өмір сүріп, қуаныш пен қайғымен бөлісіп, балаларды тәрбиелейді.

Отбасы – адам өміріндегі ең маңызды нәрсе. Бұл адамның жан дүниесінде ізгіліктің, сұлулықтың, парасаттылық пен махаббаттың мәңгілік құндылықтарын өсіретін өмір орталығы.

10-11 сынып оқушыларына арналған.

Курс 30 сағатқа есептелген: теория – 20 сағат, практика – 10 сағат.

Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері:

Мақсаты: сүйіспеншілікке, адамгершілікке, оның барлық мүшелерін өзара құрметтеуге негізделген отбасы құндылығын түсінуге ықпал ету.

Міндеттері:

- Ұлттық мәдениеттің жағымды дәстүрлеріне баулу;
- Әлемдік өнердің мысалдарында, сондай-ақ белгілі отбасы жұптарының өмірінде мәдениетті, татулығы жарасқан, берекелі отбасы туралы түсінік қалыптастыру;
- Топта «отбасылық» қарым-қатынасты қалыптастыру;
- Этика, отбасылық қарым-қатынас психологиясы туралы негізгі ұғымдарды қалыптастыру;
- Болашақ отбасылық өмірге дайындық;
- Экономикалық ойлауды қалыптастыру;
- Отбасылық рөлдер туралы түсінік қалыптастыру
- Әлеуметтік-мәдени отбасылық құндылықтарды, ерлер мен әйелдердің салауатты қарым-қатынасының психологиялық негіздерін қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

- Отбасылық және әлеуметтік патологиялардың алдын алу үшін білім беру платформасын құру;
- Тәрбие процесіне қатысушылардың ұжымдық және жеке өсуі;
- Оқушылардың жалпыұлттық құндылықтар мен адамның табиғи құқықтары желісінде қоршаған шындықты нақты бағалау қабілеттерін қалыптастыру;
- Оқушылардың болашақ ата-анаға, бақытты отбасын құруға саналы көзқарасын қалыптастыру;
- Өзін-өзі бағалау және өзін-өзі жетілдіру қабілеттерін дамыту;

- Отбасындағы баланың психологиялық әл-ауқаты;
- Психологиялық білім, білік және дағдылардың жетіспеушілігін жою;
- Балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты оңтайландыру;
- Отбасылық дәстүрлер туралы білім деңгейін арттыру;
- Жеке тұлғаның отбасылық нормалар мен дәстүрлерді сақтауға және нығайтуға бағытталуы;
- Қазіргі ұл бала мен қыз бала тәрбиесін талдай отырып, ұлттық дәстүрлерге сай құндылықтарды сіңіруі;
- Отбасындағы мінез-құлық мәдениеті нормаларын білу және сақтауы.

Үлгі оқу жоспары (бағдарламаны іске асыру)

1. Кіріспе сабақ. Отбасы әртүрлі мәдениеттерде. Дәстүрлі құндылықтарға негізделген отбасының беріктігі. Дәстүрлі мәдени құндылықтардың жойылуы салдарынан қазіргі заманғы отбасының тұрақсыздығы.

2. Некеге дайындық. Неке жасы. Некеге тұрушылардың физикалық жетілуі. Некеге тұруға әлеуметтік дайындық. Некенің рухани-адамгершілік және құқықтық негізі. Некеге тұру себептері. Некенің генетикалық аспектілері. Тұқымқуалаушылық заңдары. Отбасы мен болашақ ұрпақтардың денсаулығы.

3. Отбасы Кодексі. Негізгі ережелер.

4. Отбасы және оның функциялары. Отбасының негізгі функциясы – адамзаттың жалғасы, балалардың туылуы және тәрбиесі. Отбасы мүдделерін қоғам мүдделерімен үйлестіру қажеттілігі. Көп балалы отбасының маңыздылығы.

5. Отбасы жүйесі. Отбасы құрылымы, жіктелуі, отбасының негізгі белгілері, отбасы құрылымының бұзылуы.

6. Көркем әдебиеттегі отбасы. Оқыған кітаптары мен шығармаларына талдау жасау;

7. Отбасылық өмір салты. Отбасылық мәдениет және социум ережесі;

8. Ұлттық мәдениеттегі қазақ отбасы.

9. Ата-баба өсиеті моральдың негізі ретінде.

10. Қазақ отбасы, оның өткен және бүгінгі ерекшеліктері.

11. Отбасылық этнопедагогика:

а) ана мен әкенің қадір-қасиеті;

ә) балалардың рухани тәрбиесіндегі ана тәрбиесі (құрсақ тәрбиесі, бесік тәрбиесі);

б) ана тілінің мағынасы. Бала және ана тілі;

в) әр баланың өз ата-тегін білуі;

г) ұлттық тағам. Ұлттық тағамдар, тамақтану дәстүрлерін сақтау;

д) бала туғанда есім беру дәстүрі, балаға есім таңдаудың мағынасы.

11. Ұлттық дәстүр мен ғұрыптардың отбасында сақталуы;

12. Менің отбасымның ережесі;

13. Отбасылық қатынастардың бұзылуының алдын алу.

3 ОТБАСЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Отандық және шетелдік білім беру тәжірибесінің ең жақсы үлгілері мынадай фактіні көрсетеді: білім беру саласындағы кез-келген жетістіктерде ешқандай күш пен қамал болмайды, егер олар біртұтас педагогикалық негізге – рухани, жоғары адамгершілік сипатқа ие болса. Қай мемлекетте болса да жас ұрпақтың бойына отбасылық және ұлттық құндылықтарды сіңіру – ұлт мәдениетінің дамуын көрсетеді.

Жапония тәжірибесі.

Орта мектепте ата-аналардың білім беру процесіне қатысуы өте жақсы деңгейде. Бұл дәстүр мектепке дейінгі балабақшадан басталады, онда ата-аналардың бала тәрбиесіне үнемі қатысуы және белсенді қатысуы талап етіледі. Мектепте оқушылар мен олардың ата-аналарына жеткілікті көңіл бөлінеді.

Жапон мектептерде балалардың өмірге деген сүйіспеншілігі мен өмір сүруге деген ынтасы дамуы үшін эмоционалды тәрбие күшейтілген. Ең алдымен, мектепте жайлы атмосфера құрылады. Ол үшін барлық оқу пәндерінің мазмұнын гуманизм, мейірімділік, әділеттілік, жанашырлық идеяларға толы болуы (осыған байланысты педагогикалық құжаттар үшін жаңа термин кеңінен қолданылады – «кокоро», бұл «жақсы жан» дегенді білдіреді) маңызды. Оқу орнының барлық жағдайы балаларға қуаныш сыйлап, оларды уайым-қайғыдан қорғауы тиіс. Эмоционалды тәрбие процесіне әкелердің қатысуын жұмылдырады.

Бүгінде мектеп бағдарламасында қыздар ғана емес, ұлдар да отбасылық өмірдің негіздері туралы білім ала алатын жаңа пәндер енгізілген[3].

XX ғ. жаһандандудың сын-тегеуріндері жағдайында Жапон отбасы мен мектепті дәстүрлі ұлттық құндылықтарға, Отанға деген сүйіспеншілікке және ғасырлар бойы жинақталған рухани-адамгершілік тәрбие тәжірибесіне бағдарлауға дайындығын көрсетті. Отбасы мен мектептің өзара әрекеті – негізі құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған жүйелі моральдық тәрбие бойынша жұмыс[4].

Мектеп отбасының әлеуетіне сүйенеді, онда ұлттық сипаттағы ең жақсы қасиеттерді тәрбиелеу кішкентай жапондықтардың өмірінің алғашқы жылдарынан басталады. Екі-үш жасар бала дәстүрлі өнер элементіне, табиғат сұлулығына дәстүрлі ғибадат етуге қатысады (мысалы, бүкіл отбасының табиғатқа, гүлденген сакуруаны немесе тастар бақшасын тамашалау үшін шығуы), бүкіл отбасының Жапониядағы біршама және тіпті кішкентай балалардың арнайы ұлттық костюмдерін киюді қажет ететін ұлттық мерекелерге қатысуы, ұлдар мен қыздарға арналған арнайы ұлттық мерекелер, үлкен тәрбиелік әлеуеті бар баланың ғибадатханаға алғашқы сапарының отбасылық мерекесі. Бұл мерекелер балалардың ұлттық мәдени дәстүрлер әлеміне енуінің эмоционалды және эстетикалық жарқын формасына айналады[5].

Жапон мектебінде және отбасында өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі жетілдіру жеке тұлғаны тәрбиелеудің орталық буыны. Адамның рухани дамуының негізгі құралы – еңбек және ерікті шоғырлану жапондардың ұлттық сипатының ажырамас бөлігі.

Қытай тәжірибесі. Қытайдағы Конфуций дәстүрі – білім мен отбасылық тәрбиенің негізі: адамгершілік жағынан өзін-өзі жетілдіру, білім алу және қоғамға пайда әкелу.

Конфуцийдің пікірінше, әр оқушы үшін өзін дұрыс ұйымдастыруға көмектесетін тәрбиелік қасиеттер жүйесі: табандылық, құлшыныс, қайсарлық, мұғалімге құрмет, зейін қою, қарапайымдылық қажет. *Табандылық* жасөспірім білімде қарапайым жол жоқ деген сенім береді. *Еңбекқорлық* оқуда жетістікке жетуге көмектеседі. Білім алу көптеген кедергілерді жеңудің ұзақ процесі, сондықтан жасөспірім жүйелі жұмысқа дайын болуы керек. *Төзімділікке* ие адам оқу процесінде қиындықтарды жеңе алады.

Отбасы мен мектеп өзара әрекеттесу кезінде бірнеше принциптер тобын басшылыққа алады:

I. Конфуций дәстүріндегі оқу ізгіліктеріне сәйкес тұжырымдалған және өмір бойы адамға қажет *төрт моральдық қағида:*

- 1) *басқа адамдарға жанашырлық таныту қабілеті;*
- 2) *ұят сезімі;*
- 3) *сыпайы және кішіпейіл болу;*
- 4) *дұрыс пен бұрысты ажырата білу.*

Адамда ұяттың болмауы өзін-өзі жетілдіруге кедергі болып табылады. Өзін-өзі жетілдіруді үйрену керек, ол өмір бойы жалғасады және ол білім берудің мәні болып табылады.

II. *Жеке тұлғаның дамуындағы бес рухани қағида:*

- 1) *практика – шындықтың жалғыз өлшемі;*
- 2) *батыл шығармашылық пен жаңару рухы;*
- 3) *қиындықтарға қарамастан алға жылжу;*
- 4) *табанды күрес рухы;*
- 5) *риясыз қызмет ету рухы.*

III. *Махаббаттың бес қағидасы:* Отанды сүю, халықты сүю, еңбекті сүю, ғылымды сүю, социализмді сүю. «Отанды сүю» қағидасы қытай ұлтының тарихи өткенін білуін және оған деген мақтаныш сезімін білдіреді. Бұл тақырыпқа мектептер мен БАҚ-та басты назар аударылады.

Мектепте әлеуметтік үйлесімділікті қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді. Конфуцийдің кезеңдеріне сәйкес, алдымен өзін-өзі жетілдіру арқылы үйлесімді тұлға құрылады, қоғамда, содан кейін мемлекетте және сайып келгенде, бүкіл әлемде үйлесімді қатынастар орнатылады[6].

АҚШ тәжірибесі. АҚШ қазіргі заманғы отбасылық тәрбие рухани құндылықтарға толы емес деп алаңдайды. Осы мақсатта ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру, отбасылардың түрлі топтарына көмек көрсету үшін мұғалімдерге, ата-аналарға арналған «Organizing a Successful Family Center in Your School» - «Сіздің мектебіңізде табысты отбасы орталығын

ұйымдастыру», «100 Ways for Parents to be Involved in their child 's Education» - «Ата-аналардың баласын білім алуға тартудың 100 тәсілі» атты оқулықтар мен практикалық нұсқаулықтар әзірленуде. Осы бағдарламаларды жүзеге асыру үшін кеңестер, әңгімелер, нұсқаулықтар, тренингтер, курстар мен семинарлар, бейнетехника қызметтері, шіркеу қауымдастықтарындағы іс-шаралар және т.б. әртүрлі ресми және бейресми іс-шаралар өткізіледі. *Мектептерде құрамына оқушылардың ата-аналары кіретін ата-аналар комитеттері немесе мектеп кеңестері бар.* Тәрбиесі қиын жасөспірімдердің ата-аналары мектеппен үнемі тығыз байланыста бола бермейді[7].

Әлеуметтік қызметкерлер оқушылардың оқу орнының қызметкерлеріне деген көзқарасын талдайды, ата-аналардың білім беру процесіне қатысуын ынталандырады, оқушыларды болашақ отбасылық өмірге дайындау сияқты мәселелерді шешуге өз үлестерін қосады. АҚШ-та әлеуметтік тәрбиешілер өздерінің бағытын немесе мамандануын өзгерте алатындығына қарамастан, олардың барлығы оқу жоспарының алты саласындағы негізгі элементтерге сәйкес келуі керек. Оқу жоспарының негізін алты білім мен тренинг саласы: әлеуметтік ортадағы адамның мінез-құлық, әлеуметтік саясат, мамандықтың теориясы мен практикасы, зерттеу, құндылықтар мен этика, сондай-ақ практика құрауы тиіс.

Франция тәжірибесі. Батыс Еуропада мектептердің отбасымен байланысы артып келеді. Бұған отбасылық тәрбие туралы пікір әсер етті.

Бүгінгі таңда жас ұрпақтың өмір сүру жағдайларына назар аударылуда.

Франциядағы қазіргі заманғы рухани-адамгершілік тәрбиенің негізі – жеке тұлғаның адамгершілік тұрғыдан қалыптасуы. Алайда, бұл қарама қайшылықты процесс. Бір жағынан, білім беру және тәрбие процесінде авторитарлық Тұжырымдаманың негізгі дәстүрлері сақталады, ал екінші жағынан, белсенді даму дербестіктің, коммуникативтіліктің, тұлғаның мәдени және адамгершілік салаларының даму тенденцияларына ие. Педагогикалық авторитаризмнің басымдықтарына қарамастан, адамгершілік тәрбиенің тенденциялары күшейе түсуде.

Сингапур тәжірибесі. Сингапурдағы білім беру адамның үйлесімді тәрбиесін – оның адамгершілік, зияткерлік, физикалық, әлеуметтік және эстетикалық дамуының жиынтығын білдіреді.

Сингапурда оқу орындары ата-аналармен өзара қарым-қатынасына, олардың «дұрыс тәрбиесіне» көп көңіл бөледі: отбасындағы атмосфера мектепте қалыптасқан құндылықтар мен моральдық нормаларға диссонансқа ұшырамауы керек.

Сингапурдағы ата-аналар білім алушыларға біртұтас білім беруді қамтамасыз ету – негізгі серіктестер, мектеп бағдарламаларына бастамашылық етеді және қолдайды, мектептермен бірге білім алушылар үшін қолайлы орта жасайды. «Мінездемелер» және «Ойлау журналдары» қазірдің өзінде көптеген елдердің бастауыш мектептерінде енгізіліп, ата-аналарға балаларының әлеуметтік жетістіктерін бақылауға мүмкіндік берді. Орта мектепте «Іс-әрекеттегі құндылықтар» бағдарламасы балаларға эмпатияны, әлеуметтік

жауапкершілікті және белсенді азаматтық ұстанымды үйретеді. Сонымен бірге білімалушылар қарт адамдарға, мигранттарға және «қиын» отбасы балаларына көмектесетін жобаларға қатысады [8].

Ресей тәжірибесі Ресейде «Отбасын әлеуметтік қолдау және отбасылық құндылықтарды қорғаудың ұлттық ата-аналар қауымдастығы» бүкілресейлік қоғамдық ұйымы құрылды. Ұлттық ата-аналар қауымдастығы (ҰАҚ) – отбасы институтын қолдау, отбасылық құндылықтарды нығайтуда игі мақсаттар мен міндеттерді біріктіретін Ресейдің 67 аймағынан 30 000-нан астам ата-аналардың ең үлкен бірлестігі[9].

Ұлттық ата-аналар қауымдастығының тірегі – Ресей елінің барлық өңірлеріндегі қоғамдық белсенділердің бастамалары мен тәжірибесі және кең өкілдігі. Қауымдастықтың мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, қоғамдық және діни ұйымдармен, бизнес-қоғамдастықпен, бұқаралық ақпарат құралдарымен әріптестігі өзара әрекет және жариялық, ашықтық қағидаттарында жүзеге асырылады[10].

Ассоциация басымдықтары:

- саналы ата-ана болуды қалыптастыру,
- жетімдіктің алдын алу негізі ретінде өз отбасын сақтау,
- отбасының әл-ауқаты мен отбасының экономикалық тұрақтылығы тәжірибесін насихаттау,
- балалық шақ және отбасылық өмір салты мәселелерін шешуде отбасы мен мемлекеттің ортақ жауапкершілігін қалыптастыру.

Қауымдастықтың негізгі бағыттары:

- отбасылардың әл-ауқаты идеологиясын бекіту және отбасылық қолайсыздықтың алдын алу мақсатында қолданыстағы заңнама мен нормативтік базаны талдау және түгендеу;
- Ресей Федерациясындағы балалар мен отбасылардың әл-ауқатының бірыңғай индикаторлары жүйесін әзірлеу;
- ата-аналарды ел өмірінің барлық өзекті мәселелері бойынша қоғам мен мемлекеттің белсенді диалогына тарту;
- болашақ үшін бүкіл қоғамды біріктірудің негізі ретінде тәрбиелеу стратегиясын қалыптастыру және іске асыру;
- отбасылық қатынастар үйлесімділігінің маңызды факторы ретінде әкенің рөлін насихаттау;
- отбасылық дәстүрлер мен құндылықтарды, отбасы тарихы мен отбасылық шығармашылықты ақпараттық қолдау және ілгерілету;
- қиын жағдайдағы отбасыларға көмек, қайырымдылық акциялары мен іс-шаралар, оқыту семинарлары, вебинарлар, отбасылар үшін бірлескен бос уақытты ұйымдастыру [11].

Көптеген елдердің ғалымдары мен жұртшылығы қазіргі заманғы отбасылық тәрбие тиімді және толық емес деп алаңдайды, бұл бүгінгі шындық – балалардың физикалық және психикалық денсаулығының төмендеуі ғана емес, сонымен бірге олардың зияткерлік әлеуеті мен рухани деңгейінің және

адамгершілік әлеуеті, жалпыадамзаттық құндылықтардың төмендеуі сияқты дертті құбылысқа әкелуі.

Отандық тәжірибе

Бүгінгі таңда Қазақстанда балалар мен жастарды тәрбиелеу жүйесін жетілдіру бойынша айтарлықтай жұмыс жүргізілуде және тәрбие басым бағыт ретінде айқындалған. Қазақстанның білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің қазіргі жай-күйінің өзіне тән ерекшелігі – оның мазмұнын әлеуметтік талап етілетін құндылықтар, дәстүрлер, мінез-құлық тәжірибесі тұрғысынан жаңартуға бағытталу. ЖОО студенттері үшін «Отбасылық өмір этикасы» элективті курстарын енгізу; ата-аналардың білім беру ұйымдарының өміріне қатысуы; әкелер, әжелер клубтары; ақсақалдар кеңесі; мемлекеттік тапсырыс арқылы ата-аналарды психологиялық-педагогикалық жалпыға міндетті оқыту; үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық; аула клубтарының жұмысын қалпына келтіру; балалар мен жастардың қосымша білім беру объектілеріне өтеусіз; элективті курстар, фестивальдар, байқаулар, «Менің отбасым», «Жыл отбасы» жарыстары; кітап көрмелері және кітап өнімдеріне қоғамдық шолу; «Оқуға құштар мектеп», «Оқуға құштар колледж», «Оқуға құштар ЖОО» конкурстары.

Мектеп пен ата-аналардың бірлескен жұмысының нәтижелерінің бірі өскелең ұрпаққа отбасылық құндылықтарды қалыптастыруға және дарытуға бағытталған «Өркендеу» жобасы болып табылады. «Өркендеу» жобасының негізгі мақсаты – өскелең ұрпақты ұлттық дәстүрлер негізінде тәрбиелеу, олардың білімдерін нығайту. Оларды ұлттық рухты құрметтеуге, ата-бабаларымыз сеніп тапсырған жер мен тілді сақтауға, прогрессивті ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды дамытуға шақыру. Атап айтқанда, оларды әдепті, зияткерлік тұрғыдан дамыған, ұлттық отбасылық құндылықтарды зерделеуге және терең түсінуге шабыттандыру. Осы мақсатқа жетудің жолдары «Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебі», «Аға мектебі», «Жеңге мектебі» болып табылады.

Ата-аналар мен мұғалімдердің өзара сауатты байланысы өзекті. Отбасы – балаға әлеуметтік-тарихи тәжірибені, эмоционалды және ынтымақтастық қарым-қатынас тәжірибесін берудің маңызды буыны. Ата-аналар отбасының жеке тұлғаны қалыптастыру процесіне қандай үлес қосатынын, білім беру ұйымының білім алушының білім деңгейіне, тәрбиесіне қойылатын талаптары қандай екенін түсінуі тиіс.

Қазақстан Республикасында отбасы мен білім беру ұйымының әлеуметтік әріптестігін жандандыру үшін Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Отбасылық қарым-қатынас» клубы құрылды.

Отбасылық қарым-қатынас клубы – баланың жеке басын қалыптастыру процесінде ата-аналар мен мұғалімдердің өзара байланысының тиімді дәстүрден тыс түрі. Клубтың негізгі мақсаты қоғамда дәстүрлі отбасылық құндылықтарды сақтау, отбасына табыну, жас ұрпақ арасында отбасын құруға және жауапты ата-анаға сындарлы қарым-қатынасты қалыптастыру.

міндеттері:

- 1) бала-ата-ана қатынастарын жолға қоюға ықпал ету;
- 2) ата-аналардың психологиялық-педагогикалық және құқықтық білім, отбасылардағы кәсіптік бағдар беру жұмысы;
- 3) тәжірибе алмасу, балаларды тәрбиелеуде туындаған мәселелерді талқылау;
- 4) бос уақытты бірлесіп өткізуді ұйымдастыру.

Клубта ата-аналар бала тәрбиесі, білім алушыны бейімдеу, тәрбиелеу және оқыту мәселелері, үйде балалармен сабақ ұйымдастыру бойынша білікті консультациялық көмек алады; балаларды тәрбиелеу тәжірибесімен алмасады және отбасылық саясатты нығайту және дәстүрлі отбасылық және ұлттық құндылықтарды насихаттауда жұмысты жақсарту бойынша өз ұсыныстарын енгізеді.[12].

Клуб қызметінің негізгі бағыттары:

1. «Отбасы университеті» - оқушылардың, ата-аналар мен педагогтердің сабақтан тыс психологиялық-педагогикалық қызметін ұйымдастыру, қазақстандық отбасы, отбасылық құқық мәселелері және бала асырап алған отбасыларды әлеуметтік оңалту тақырыптары бойынша түсіндіру жұмысы;

2) отбасылық шығармашылық – отбасындағы бос уақытты, отбасылық жобалық қызметті, отбасылық шығармашылықты ұйымдастырудағы технологияларды танымал ету;

3) отбасылық туризм – туған өлкеге саяхат және экскурсиялар;

4) ұрпақтар естелігі – ардагерлер ұйымдарымен, қоғамдық ұйымдармен, қозғалыстармен және бірлестіктермен елеулі жауынгерлік және еңбек тәжірибесін аға ұрпақтың өмірінен кіші ұрпаққа беру бойынша өзара байланыс;

5) отбасылық бастама – аулаларды абаттандыру, отбасылық мәдени демалыс, дене шынықтыру және сауықтыру үшін жағдайлар жасау жөніндегі жобаларға қатысу;

6) «Отбасы туралы сөз» - БАҚ-мен өзара байланыс, баспа материалдарын жариялау, отбасылық құндылықтарды насихаттау бойынша бейнефильмдер шығару.

«EN BAQYTTY EL» қоғамдық қоры қызметінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы аясында ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, отбасы және неке, отбасылық құндылықтар институтын дамыту болып табылады. Әлеуметтік өзекті, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси мәселелерді шешу бойынша идеялар, жобалар мен бастамалар қорын құру. 2020 жылы «EN BAQYTTY EL» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен онлайн тренингтерден өткен белсенді әкелер «Қазақстан әкелері» республикалық әкелер қауымдастығын құрды.

Елімізде отбасына бала тәрбиесі мәселесінде қолдау көрсетіп, ата-ананың сауаттылығын арттырып жүрген қоғамдық қорлар мен институттардың жұмысы бүгінгі күнде үкіметтен қолдау тауып, қоғамда отбасылық құндылықтарды дәріптеп, рухани асыл қазынамызды таратып, ұлттық сананың қалыптасуына үлес қосуда.

**«Білім және мәдениет» институтының ғылыми жетекшісі,
тарихшы, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері Ыбырай Саят
Баймұратұлы және «Отбасы хрестоматиясы» авторы, психолог
Мырзабаев Сейілбектің тәжірибесінен**

Отбасы хрестоматиясы бүгінгі күнде отбасында ата-ана мен бала арасындағы құндылықтарды, жалпы отбасылық және ұлттық құндылықтарды бала бойына қалай сіңіру керек деген мәселелердің өзектілігін көтеріп жүрген қоғамдық институт және білім беру ұйымдарында құндылығы жоғары іс-шараларымен танылуда.

«Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қоры уақыт аралығында халқымыздың бай фольклорының жаухар үлгілерін жинақтап, еліміздің ғылыми қауымдастығы мен көпшілікке арналған оқу құралдарын шығарып үлгерді. Сонымен қатар, әлемдік деңгейде аса жоғары қызығушылыққа ие болған академиялық еңбектер қор тарапынан қазақ тіліне аударылып, жарыққа шығуы қазақстандық жұртшылық тарапынан зор қолдауға ие болып келеді. Атап айтқанда, *2013 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін «Әлдиден эпосқа дейін», «Салт-дәстүр сөйлейді», «Сияр шәріп», «Логотерапия немесе өмірге құштарлық», «Яссауи феномені», «Өмірге ғашық болу», «Махабаттың мәні», «Өркениетті адам», «Мың сұрақ», «Экософия немесе киелі табиғат», «Балалықтан даналыққа», «Бейсен және Болмыс», және «Қисса-сул әнбия»* сынды көптеген еңбектер жарыққа шығып, қоғамда педагогтердің, ата-аналардың, балалардың қызығып оқитын кітаптарына айналып, көптеген сұраныстарға ие болуда.

Сонымен қатар ХХ ғасырдың басында алаш зиялылары аударған балаларға арналған әлемдік әдебиеттер қайтадан өңделіп, басылып шығарылды. Балалар әдебиеті жас оқырмандар арасынан тіпті үлкен ықыласпе қабылданды. Жарыққа шыққан балаларға арналған кітаптар қатарында: *Әділ патша, Жан Кристоф, Нелло мен Патраш, Мұнхаузеннің басынан кешкен хикаясы, Қасқыр. Киш туралы аңыз, Гулливер лиллипуттар елінде, Хари мен Кәри, Бөдене. Бирүк. Шалғын, Асыранды аққу, Жырық құлақ, Ағайынды Гриммдер ертегілері, Доктар Айболит, Сурат кофеханасы, Робинзон Крузо, Бастилия тұтқыны, Балалар үшін, Бес әңгіме, Кішкентай ханзада, Муму, Кішкентай суретші, Бала Мәжиттің хикаялары.* Бұр кітаптар бүгінгі күнде білім беру ұйымдарына жол тартып, балалардың қызығушылығын тудырып, үлкен сұранысқа ие болуда.

Қазақстан суицид фактілері бойынша әлем елдерінің алдыңғы үштігінде тұруы бүгінгі күнде өте күрделі, аландатып отырған мәселе. Әсіресе жастар мен жасөспірімдер арасындағы суицид жылдан жылға ушығып барады.

Сонымен қатар еліміз отбасындағы ажырасу деңгейі бойынша алдыңғы он мемлекеттің қатарына енеді екен. Мамандар ажырасу фактісінің көбеюін әр түрлі себептен көреді. Кейбіреуі оны әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың төмендігімен, баспананың жоқтығымен, табыс көлемінің төмендігінен көрсе, екінші бірі түрлі психологиялық факторлармен байланыстырады. Күйзеліс, ата-ананың психологиялық сауатсыздығы, өзара қарым-қатынас мәдениетінің

төмендігі деп топшылайды. Ендігілері бедеулік, маскүнемдік, нашақорлық, қол көтеру сияқты сыртқы себептерден көреді. Ал, сайып келгенде ата-ана бойындағы рухтың төмендегі, жауапкершіліктің жоқтығынан отбасы күйреп отыр. Сол себепті қоғам болып отбасындағы ата-ана және бала тәрбиесінің мәселесі ауқымды тақырып. Ең алдымен бала тәрбиесінде ата-ананың сауаттылығын көтеруіміз керек. Отбасы хрестоматиясы зерттеп отырған Логотерапия ғылымы мұндай себептердің бәрін сыртқы факторға жатқызады. Жастарға онтологиялық, философиялық деңгейде түсінік беріліп, махаббат, құмарлық, еркіндік, жауапкершілік деген сияқты көптеген ұғымдарға терең талдау жасап береді. Еуропада ажырасу фактілерін төмендету үшін экзистенциализм философиясы, логотерапия ғылымы кеңінен қолданылады. Кеңестік кезеңде Логотерапия ғылымы белгілі саяси себептермен кіргізілмегендіктен, посткеңестік елдерде бұл практика қолданыста жоқ. «Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қорының мақсаты сол олқылықтың орнын толтыру.

Мақсаты: Әр ата-ана «ұрпағым өзімнен асып туса» деген жалғыз арманы болады. «Ұлым қайтсе зерек, қызым қайтсе ибалы болады» деген ой бір сәт тыным бермейді. ХХІ ғасырдағы технология бала бойындағы зеректік пен иба-әдеп сезімдерін күшейтуге айтарлықтай үлес қоса алмаған сыңайлы. Керісінше, технология жетістігін дұрыс пайдалана алмағанның кесірінен сөйлеу мәнерін, қарым-қабілетін, алғырлығын, дарыны мен зеректігін жоғалтқан балалар әлем бойынша көбейіп барады. Осы проблеманы барынша азайту мақсатында біраз зерттеу жүргізілді. Ізденіс барысында мынадай заңдылыққа қол жеткізілді:

- Мыңдаған жылдар бойы кәдеге жарап, кеменгер, қайраткер тұлғалардың қалыптасуына түрткі болған рухани бастау – аңыз-ертегі, қисса-хикая, жыр дастандар желісі;

- Балалармен жұмыс істеу барысында осы фактіні басты назарға алу;

- Баланың дүниетанымның жан-жақты етіп дамытатын мазмұны терең жалпы адамзаттық құндылықтарды қарастыру.

Профилактикалық жұмыстар арқылы жастар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу керек. Австриялық ғалым Виктор Франклдың суицидпен күрестегі жетістіктеріне пайдаланып жастарды отбасылық өмірге дайындау қажет. Еркіндік, жауапкершілік ұғымдарды терең тарқатып түсіндіріп, адамның биологиялық, психикалық, рухани қалауларын ажырата білуді үйрету тиіс.

Міндеті: 1. ХХІ ғасырда ата-ана мен бала, ұстаз бен оқушы арасындағы моральдық таным мен онтологиялық танымның ара-жігін ашып көрсету. Жастардың қалыптасу кезеңінде ұлттық құндылықтардың ролін айшықтау. Ата-аналарға баланы этикалық тәрбиге баулуда отбасының маңыздылығын түсіндіру.

2. Оқушыларға аң-құстардың, барлық тіршілік иелерінің сакральдығын түсіндіріп, құрметтеуді үйрету. Сол арқылы отандық флора мен фаунаны сақтап қалу.

3. Жастардың өмірге құштарлығын арттыру. Жасампаздық қабілетін күшейту. Отбасылық өмірге дайындау. Еркіндік, жауапкершілік ұғымдарын терең тарқатып түсіндіру. Адамның биологиялық, психикалық, рухани қалауларын ажырата білуді үйрету.

4. Бала дүниетанымын жан-жақты дамытатын мазмұны терең жалпы адамзаттық құндылықтарды насихаттау. Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру.

Бүгінгі таңда «Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қоры мен «Білім және мәдениет институт» жауапкершілігі шектеулі серіктестік бір мақсатта жұмыс жасап, «Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қорының шығарған кітаптарының негізінде қисса, аңыздарды, тәрбиелік мәні бар жыр дастандарды мектеп жасындағы білім алушыларға қалай үйретуге болады, методикасы қандай болу керек деген сұрақтардың нәтижесінде «Әдістемелік көмекші құрал» атты еңбек жарыққа шықты. Бұл – 9-12 жас аралығындағы балаларға көркем әдебиет, кітап оқыту, тіл дамыту жұмыстарын, факультатив, үйірме, тәрбие сағаттарын жүргізуге арналған әдістемелік көмекші құрал. Сабақ үлгілері оқу орталықтарына, үйірме жетекшілеріне, мұғалімдерге, сынып жетекшілеріне, психологтарға, дефектологтарға, балабақша тәрбиешілеріне, ата-аналарға арналған. Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, баланың бойына рухани ұлттық құндылықтарды сіңірудің, әдеби шығармаларды жеңіл түсіндірудің жолдары көрсетілген.

«Экософия» кітабының негізінде «Қазақ әдебиетіндегі табиғат қиссалары» (5-8 сынып оқушыларына арналған) атты көмекші құрал және жазылды. Адам баласы жаратылысынан Табиғат-Ананың тыныс-тіршілігімен тығыз байланысты. Табиғат - күнделікті тіршілік-танымымыздағы іс-әрекеттеріміздің, дүниелік қарым-қабілеттеріміздің киелі бесігі. Ұлттық дүниетамымыздағы Жер-Ана, тіршілік нәрі – судың қасиеті, сайын даламызды мекен еткен – киелі аң-құстар, зеңгір көк аспан мен тұмса жасыл әлемнің тылсым сырлары адамзат жартылысымен бірге жасасып келеді. Осы орайда, тарихи және әдеби құндылығын ескере отырып, жас жеткіншектерге қосымша танымдық деңгейлерін саралау мақсатында мектеп мұғалімдеріне қосымша құрал болмақ.

«Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қорының шығарған кітаптарының негіздерінде Қазақстанның барлық дерлік өңірлерінде білім беру, тәрбие беру орталықтары ашылды.

Мысалға алар болсақ, «Алматы облысы Өтеген батыр ауылында «Zerdeli bala» орталығында ұзартылған күн тобында 1-4 – сыныптарға тегіс даналық үйірмесі енгізілді. Сондай-ақ 4, 5, 6,7 – сыныптарына тегіс даналық сабақтары 8,9,10 – сыныптарға аптасына 1рет кітаптар әлем әдебиеті үлгілері де талданады. Жазғы каникул кезінде «Оқуға құштар бала» кітап оқу конкурсы ұйымдастырылады.

Жамбыл облысы Байзақ ауданы Сарыкемер ауылының 1 мектеп-гимназиясының бастауыш сыныптарда таңдау ретінде «Экософия» пәні жүргізіледі. Алматы қаласында «Алтын ұя» рухани даму үйірмесі онлайн жұмыс жасайды, Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданында «Зайсан-

Болашақ» оқу-дамыту орталығында «Балалықтан даналыққа» қисса үйірмесі бар. Ақтау қаласындағы 19 мектеп-гимназиясында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мұғалім-ата-ана-оқушыларға арналған жоспар негізінде оқытылып жатыр.

Сонымен қатар «Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қоры мен «Білім және мәдениет» институты мұғалімдер мен ЖОО-ның оқытушыларына арналған дәріс-семинарлар өткізіледі. Дәрістерде талданатын Отбасы хрестоматиясынан жарық көрген кітаптардың қысқаша мазмұны:

«Әлдиден эпосқа дейін» кітабы этнопедагогика негізінде құрастылған.

Мұнда бесік жырынан бастап, батырлық дастандарға дейінгі аралықты қамтитын мұралар жиынақталған. Бесік жырын, жаңылпаштарды, ертегілерді, аңыздарды, тақпақтарды отбасындағы әрбір ата-ана балаларына оқып беріп, олардың дәстүрлі дүниетанымын қалыптастыра алады. Сонымен қатар бұл кітап этнопедагогика ғылымына қызығатын мектеп оқушыларына, студенттерге және ізденуші ғалымдарға арнап жазылған.

«Салт дәстүр сөйлейді» кітабы да этнопедагогика негізінде құрастырылған. Мұнда қазақтың салт-дәстүрі мен ырым-тиымдарының шығуына себеп болған аңыздар мен қисса-дастандар жинақталған. Сонымен қатар бұл кітап кешегі және бүгінгі ұрпақтар арасындағы сабақтастық арқылы қайта жаңғыртып, ел тұтастығы мен тұрақтылығына пайдалануға болады.

«Экософия» деп қоршаған ортаны мән мен мазмұнға толтыруды айтамыз. Яғни әрбір өсімдік пен аң-құсқа биология көзімен емес, экософияның назарымен қарауды үйретеді. Адам қоршаған ортасына кие дарытып, хикмет өрнегін тоқитын болса өмірдің мәнін де, миссиясын да тез табады. Адамның көкірегі киелі құндылыққа, рухани объектілерге кедей болса оның арман-қиялы, креативті қабілеті, батырлығы, талабы, елдік санасы, шығармашылық таланты түгел өзінен өзі ғайып болып, рухани деградацияға ұшырайды. Өзін табиғатпен біртұтас етіп көре алмайтын күйге түседі. Ал адамның көкірегін қазынаға толтыратын дүние киелі аңыз-қиссалар. Адам соларды мейлінше көп үйренген сайын табиғаттың тілін тез сезінетін, ғайып әлеммен үндесе алатын қабілетке ие болады.

«Логотерапия немесе өмірге құштарлық». Бұл кітап өмірден мән іздеп, тіршіліктің түпкі себептеріне үңілген қарапайым оқырманға арналған. Сонымен қатар суицидпен күресуші кез келген қоғамдық тұлғаға және медицина, психология, философия, дінтану, мәдениеттану, педагогика мамандығында оқитын студенттерге факультативті құрал ретінде ұсынылады. Кітапта психоаналитик, философ, логотерапевт Виктор Франклдың экзистенция анализі мен логотерапия туралы жазған бірнеше еңбектерінің аудармасы жиналған. Логотерапия принциптері қазақтың дәстүрлі дүниетанымымен салыстырыла отырып жазылған. Яссауи, Абай, Шәкәрім сынды қазақ ғұламаларының еңбектері аналогия ретінде берілген. Шығыс шайырлары мен көшпенді халықтың аңыз-қиссалары молынан енгізілген.»

«Балалықтан даналыққа» кітабы логотерапия және экзистенция анализі негізінде талданған. Сонымен қатар психология ғылымдарының докторы,

логотерапевт Элизабет Лукастың тәжірибелері молынан енгізілді. Оқушылармен жүргізілген сауалнама нәтижелері, автордың түрлі ситуациядағы оқиғалар мен сұқбаттары берілген. Бұл кітап баланың болмысы мен оның тәрбиесіне тереңінен үңілген барша ата-анаға арналады. Сонымен қатар оқушылармен тікелей жұмыс істейтін мектеп психологтарына, пән мұғалімдеріне, сынып жетекшілеріне факультативті құрал ретінде ұсынылады.

«Бейсен және Болмыс» - белгілі журналист Бейсен Құранбектің болмысына экзистенциялық талдау жасалған кітап. Бейсеннің өмірінен мысал келтіре отырып, экзистенция, логотерапия психологиясын жан-жақты түсіндіруге тырысады. Адам болмысы қалай ашылады, қалай көрінеді, өмірдегі мәнін қалай анықтайды деген түрлі ситуацияларды араластыра отырып, сұрақтарға жауап беріледі. Кітап экзистенция философиясына, логотерапия іліміне қызығатын оқырманға арналған.

«Өмірге ғашық болу». Кітапта Санжар Керімбайдың логотерапия идеясында жазылған мақалалары жинақталған. Автор логотерапия ғылымындағы ауыр түсінік пен терминді қазақы формада тілге жеңіл етіп, қарапайым әңгіме жанрында түсіндірген. Франкл, Юнг сияқты психологтардың идеясын, негізгі ойын қарапайым түсінікте баяндайды.

«Өркениетті адам». Кітапта автордың түрлі ситуациядағы оқиғалары мен сұхбаттары берілген. Кітапты оқып отырып Қазақстандағы надандық факторы, оның себебі мен салдарына үңіле аласыз. Кітаптағы оқиғалар экзистенция анализі бойынша талданған. Кітап логотерапия ғылымына қызығатын оқырмандарға арналған.

«Махаббаттың мәні». Бұл кітапта ғашықтық, құмарлық, еркіндік, жауапкершілік, махаббат феномендері экзистенция әдісімен талданған. Авторлар қазіргі қазақ қоғамындағы отбасы проблемасының түпкі негізін жан-жақты талдап көрсетеді. Жетпіс жыл большевиктік боданда болған қазақ жұртының санасына деколонизация жасауға тырысқан.

Абай облысы, Семей қаласының №6 гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Берікханова Бағым Назарханқызының тәжірибесінен.

Отбасы хрестоматиясы қорымен шығатын кітаптармен 2020 жылдан бері таныспын. Ең алдымен өз балаларыма «Экософия» кітабын алып бастадым. Бұл кітаптың ішкі ерекше мазмұнымен қоса сыртқы келбеті өте керемет әсер етті. Сол кітаптың алғашқы бетіндегі «Ақбөкен неге киелі?» атты қиссаны оқығанда балаларыма ерекше әсер етті. Сонымен осы алған әсердің нәтижесі үлкен ғылыми жобаға дейін барды. 2021 жылы «Ақбөкен неге киелі?» деп аталатын ғылыми жобаны қорғалды.

2022-23 оқу жылындағы «Зерде» ғылыми жобаның тақырыбын тағы да Отбасы хрестоматиясының кітаптарының негізінде «Ырым-тиымдардың шығу төркіні» атты электронды оқулық», «Алаш тұлғалары аударған шетел әдебиеттері», «Ырым-тиымдардың шығу төркіні» атты ғылыми жоба жазылды.

Отбасы хрестоматиясы қоғамдық қорымен шығатын кітаптарды әр сабақта қолдануға болады. Ішіндегі қиссалары оқушыны баурап алып, сабаққа ынтасын көтеруге үлкен септігін тигізіп жүр.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша кітап сыйлау науқанын ең бірінші сыныптан бастадық. Бірінші кезекте отбасы хрестоматиясы қоғамдық қорымен шыққан Алаш тұлғалары аударған шетел әдебиеттерін сыйладық. Бұл кітаптар оқушыларға ерекше әсер етіп, шетел әдебиетіне деген қызығушылықтарын оятты. Бұл кітаптарды оқушылар өте жоғары қызығушылықпен алып оқиды.

Гимназиямызда өткен Ғылым күнінде қорғалған жұмыстардың тақырыптары да отбасы хрестоматиясы кітаптарының материалдары негізінде алынды. Қиссаның ерекшелігі сол, үздік оқитын оқушыларды ғана емес, орташа деңгейде оқитын оқушылардың да ғылыми жоба қорғауға деген ниетін ашты. Нәтижесінде балалардың кітапқа деген сүйіспеншілігі оянды.

Оқытудағы зерттеу әдісінің мақсаты: оқушының белсенділігін, қызығушылығын қалыптастырып, оның ойын дамытуға, өздігінен ізденуге бағыттау, оқу үлгерімі төмен оқушыларды осы әдіс арқылы зерттеп оқуға деген құштарлығын арттыру.



Ғылым күнінде отбасы хрестоматиясының кітаптарынан қисса оқылды, қиссалардың берер тәрбиесі зор. Көпшілік алдында сөйлеуге ұялатын білім алушылардың ең алғаш қорғаған жұмыстарының нәтижелері олардың кітапқа деген қызығушылықтарын арттырып, ашылып сөйлеуге, пікірін айтуға деген қабілеттерін оятты.

Отандық тәжірибелерді зерделей келе, білім беру ұйымдарында білім алушылар мен ата-аналарға арналған отбасылық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бағдарламалары, жобалары, дәрістер мен семинар-тренингтер, элективті курстар т.б. жүргізілуде. Осы іс-шараларға білім алушылардың белсенді қатысуы мен өмірінде қолдана алуы үшін ұйымдастыру жұмыстары жүйелі жүргізіліп отыруы керек.

Әдістемелік ұсынымдамада шетелдік және отандық зерттеулерге шолу жасай келе болашақ – оңы мен солын таныған, отбасылық, ұлттық құндылықтармен сусындаған, тәрбиелі, білімді жастардың қолында екенін тағы да бір дәлелдемелермен көрсеттік. Бүгінгі күні елімізде білімге ұмтылған жас ұрпақтың өмірде өзінің орнын дұрыс табуға деген ұмтылысы жоғары. Отбасының, мектептің бірлескен ынтымақтастығында өсіп келе жатқан жас буынды өмірге даярлау, бағыт-бағдар беру, жауапкершілік пен табандылыққа, Отанын сүюге деген және мейірімділік пен сүйіспеншілікке, көркем мінез бен имандылық қасиеттерін отбасындағы рухани құндылықтар мен ұлттық құндылықтарымыздың негізінде тәрбиелеу біздің басты міндетіміз.

4 ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Білім беру ұйымдарының мақсаты – жас ұрпақтың бойына бала кезінен отбасында қалыптасқан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық сияқты рухани-адамгершілік құндылықтармен бірге ұлтына деген сүйіспеншілікті арттыратын ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, жан-дүниесі бай, терең ойлы, жауапкершілікті сезінетін қоғамның толыққанды азаматын қалыптастыру.

Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – әрбір бала өсіріп отырған ата-ана мен ұстаздың қоғам алдындағы борышы.

Адамның рухани дүниесінің жан-жақты болуы – оның қоршаған ортаны жоғары интеллектуалды және эмоционалды тануына мүмкіндік береді. Адамзат баласының өз ұрпағына оқу-білім және тәрбие, тәрбие мәселесіндегі өзіндік дүниетанымын қалыптастыру мәселесі мыңдаған жылдар бойы өзектілігін жоғалтқан емес. Осы орайда ең бірінші болашақ ұрпақ бойына тұлғалық құндылықтарды сіңіру – мұғалімнің рухани-адамгершілік, ұлттық құндылықтары мен мәдениетіне тығыз байланысты.

Еліміздегі тұңғыш ағартушы, педагог – Ыбырай Алтынсариннің қазақ балаларын білімге шақырып, көкірегін оятқан алғашқы ұстаз. Ыбырай Алтынсариннің еңбектері қазақ балаларының білім көкжиегінің кеңеюіне, рухани-тұлғалық жағынан дамуына зор игі ықпал етті.

Ы.Алтынсарин еңбектерінде рухани-адамгершілік тәрбиенің маңыздылығын жоғары және ол ең басты құндылық. Ыбырай әңгімелерінің желісі, мазмұны, тәрбиелік мәні бала санасына ерекше әсер етіп, оның білімге деген қызығушылығын оятып, қоғамда адамгершілігі мол, рухани құндылықтары дамыған тұлға қалыптастырары сөзсіз.

Тұлғалық құндылықтарды оқу-тәрбие процесінде құндылыққа негізделген шығармалар арқылы топтық іс-әректте тәрбиелеу де маңызды. Оқыту мен тәрбиелеу негізінде туындайтын өзара қарым-қатынастар топтық іс-әрекеттің мақсатына, ұйымдастырылуына, құндылығына байланысты.

Осыған орай, қазіргі жас ұрпақтың бойына рухани-адамгершілік, тұлғалық құндылықтарды сіңіруде Ы.Алтынсарин педагогикалық-психологиялық шығармаларының тәрбиелік маңызы зор. Мысалы, «Таза бұлақ» әңгімесінің идеясы балаларға не береді? Не себепті таза бұлақ? Бұлақ басындағы таста не жазылған? Таста жазылған сөзді талдау арқылы балалардың жеке пірірін білу, білім алушыларды логикалық ойлауға жетелейді. Білім алушы ойлана отырып, өз бойында адалдық, әділеттілік, шынайылық, кішіпейілділік, тазалық, сүйіспеншілік пен мейірімділік т.б құндылықтарды сіңіре алады [13].

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде «.....Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сені де Құдай-Тағала бос жүруге жаратпаған, жұмыс істеуге әдеттену

керек, - деді атасы он жасар баласына. Бұл әңгімеде балаларды еңбекқорлыққа жетелейді.

«Әке мен бала» әңгімесінде баланың жалқаулығын сынап отырып, еңбектің жемісін бағалауға, прагматикалық ойды қалыптастыруға жетелейді.

«Шеше мен бала» әңгімесі жасөспірімді қайырымды болуға, мейірімділікке баулыса, «Түлкі мен ешкі» өтірікшіліктен, «Қисық ағаш» қыңырлықтан, қырсықтықтан аулақ болу мәселелерін көтеріп, жағымды тұлғалық құндылықтарды қалыптастырады.

«Асыл шөп» әңгімесі сабырлық, ұстамдылық пен шыдамдылыққа уағыздаса, «Салақтық», «Надандық», «Жамандыққа жақсылық» әңгімелері білім алушыларды жалқаулықтан, надандық пен тәкаппарлықтан аулақ болуға тәрбиелейді [14].

Ы. Алтынсариннің «Лұқпан әкім» әңгімесінде адамның ішкі дүние танымы, жан дүниесі туралы баяндайды. «Қашанда бір істі бастағыңыз келсе, ол іске әуелі ақылыңызды, содан соң көзіңізді жұмылдырыңыз, одан соң ақылыңыз дұрыстаса, көзіңіз көріп, жөнін тауып маққұл көрсе, тіліңіз бен қолыңызға сонда ерік беріңіз» деп, адамның ақыл-ой, парасаттылығына ішкі жан дүниесі түйсіну, көру, сезіну процестеріне жүгіну керектігін айтады [15].

Ұлы ұстаздың қай шығармасын алсақ та білім алушының санасын оятып, оларға үлгі-өнеге беріп, шынайы өмірлік мысалдар мен астарлы әңгімелері болашақта өмірді тануға, еңбекті бағалай отырып, белгілі бір іс-әрекетте нәтижелі атқаруға жетелейді.

Отан сүйгіштікке, өнегелікке, өнерге баулу, ізденімпаздыққа, талапшылдыққа, кішіпейілділік пен сүйіспеншілікке, жігерлікке, табандылық сияқты жағымды мінез-құлыққа тәрбиелеуге жетелейтін мәселелерді көтереді.

Білім алушылардың тұлғалық құндылықтарын дамытуда мектептің оқу-тәрбие процесінде Ыбырай шығармалары арқылы құндылыққа бағдарланған іс-шаралар жүйелі жүргізіліп отыруы маңызды. Өйткені, олардың өмірлік ұстанымы, шешім қабылдаушылық, өзара қарым-қатынасқа түсе алушылық, өнерді бағалау, патриоттық, отансүйгіштік, шеберлік, ұстамдылық, шыдамдылық қасиеттері Ыбырай шығармаларының негізінде қалыптасып, дамып, жетіледі десек артық айтпаған болар едік. Сондай-ақ, тұлғалық құндылықтарды дамыту оқу бағдарламасының мазмұнында көрініс тауып, жалпы білім беретін пәндердің негізгі компонентіне айналуы шарт.

Оқу процесінде білім алушылардың тұлғалық құндылықтары дамып, қалыптасуы маңызды. Сол себепті мектепте білім алушылардың тұлғалық құндылықтарын дамыту Ыбырай шығармалары арқылы жүзеге асырылуы мақсаты нәтиже бермек.

Осы мақсатта білім алушылардың тұлғалық құндылықтарын дамытуда төмендегідей ұсыныстар беруге болады:

- біріншіден, білім алушылардың тұлғалық құндылықтарын дамыту үшін мектепте шығармашылық іс-шараларды ұйымдастыру.

- екіншіден, білім алушылардың тұлғалық дамуы олардың болашақта мамандық таңдауға деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында кәсіби

тәжірибеге бағдарлау.

- үшіншіден, мектепте Ыбырай шығармаларын қолдана отырып, білім алушылардың тұлғалық құндылықтарын дамыту үшін тақырыптық кездесулер, дөңгелек үстел, тренинг, коучинг, шеберлік сыныптар өткізу.

Ұлы ағартушы Ы. Алтынсариннің еңбектері оқу-тәрбие процесінде өзіндік орны бар, бала тәрбиесінде тұлғалық құндылықтарды қалыптастыруда бүгінгі күнде өзекті.

Дұрыс ұйымдастырылған оқу-тәрбие процесі білім алушылардың тұлғалық, рухани-адамгершілік құндылықтарының дамуына, олардың өмірлік мақсаттарын айқындап, бүгінгі заманауи білім беру процесінде бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуына зор ықпалын тигізері анық.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинетінің «Тұлғаны әлеуметтендіру және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру» бөлімінің жетекшісі Келдибаева Гульзат Елемесовнаның тәжірибесінен

«ҚҰНДЫЛЫҚ. ДӘСТҮР. ТӘРБИЕ» шығармашылық зертхана жобасы
Жоба құрастырушылар: Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинетінің «Тұлғаны әлеуметтендіру және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру» бөлімі.

Негіздеме: Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары, жоба әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

Басшылыққа алатын нормативтік құжаттар:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы 2021-2025 жылдарға арналған, «Бала құқықтары туралы Конвенция», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңы, ҚР Білім және ғылым министрінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

Жобаның мақсаты: Білім беру ұйымдарынағы педагогтардың әдістемелік көмек көрсету, шығармашылық шеберліктерін көтеру, ұлттық құндылықтарды жеке тұлғаның бойына дарыту, Отансүйгіш, білімге құштар, еңбекқор жаһандық тұлға бейнесін жасау, жаңаша әдіс-тәсілдерді пайдалану, тәрбие құрылымы мен мазмұнын жаңарту, тәрбие мен оқу процесіндегі үйлесімділікті қолдану, мектеп, оқушы, отбасының ықпалдастығын арттыру көзделеді

Білім мазмұнын жаңарту жағдайында ұлттық тәрбие жүйесін дамытуда тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелеудегі сабақтастықты қамтамасыз ету.

Жобаның міндеттері:

- Қоғамдағы білім беру және тәрбие мәселелерін ұлттық құндылықтармен сабақтастыру, салт-дәстүрді дәріптеп, жүзеге асыруға баулу;
- Білім беру мекемелеріндегі тәрбие, әлеуметтік-психологиялық қызметін дамыту, отбасы мен білім беру мекемелерінің өзара іс-әрекетін нығайту;
- Мектептегі ұлттық тәрбиені ұлттық педагогиканының асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беруде қалыптастыру;
- Қоғамдағы білім беру және тәрбие мәселелерін ұлттық құндылықтармен сабақтастыру, салт-дәстүрлерді дәріптеу, жүзеге асыруға баулу;
- Сабақ барысында ұлттық тәрбиеге баулу арқылы оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға және танымдық қасиеттерінің дамуына жағдай жасау.

Жобаның жаңашылдығы:

- Білім беру ұйымдарында ұлттық құндылықтарымызды, дәстүр мен ғұрыптарымызды жаңғыртуда қолдау көрсету.
- Отбасылық байланыстардың құндылығын түсінуге, құқық бұзушылықтың алдын алу, әлеуметтік -психологиялық қызмет жұмыстарын жандандыру.
- Тәрбиенің басым бағыттары бойынша тиімді жолдарын қарастырылып, озық тәжірибелер мен жаңашыл бастамаларға қолдау көрсетіледі.

Күтілетін нәтижелер

- Тәрбиенің басым бағыттары бойынша әдістемелік тәжірибелік көмек көрсетіледі;
- Жеке тұлғаны дамыту жұмыстарының әдістерін меңгерту арқылы, психологиялық қызметті жетілдіру жұмыстары жандандырылады;
- Құқықтық тәрбие бойынша жұмыс жүйесі жанданып, құқықтық мәдениеттің негізі қалыптасады;
- Ақпараттық база жинақталады.

Мақсатты аудитория: Білім беру ұйымдарының директордың тәрбие, құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен педагог-психологтар мен әлеуметтік педагогтер.

Осы жоба аясында жүргізілген іс-шаралар.

Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Айша бибі атындағы дарынды қыз балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернаты директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Курманбаева Жанар Мейрбековнаның тәжірибесінен

**МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ
НЫҒАЙТУДЫҢ ТИІМДІ БАҒЫТТАРЫ**

(әдістемелік тәжірибе)

*«Ата-ана мен бала арасындағы достық –
ең басты құндылық»*

Жас ұрпақ – ұлттың негізгі тірегі әрі сенімді болашағымыздың кепілдігі. Адами капиталдың негізгі тұлғалық қасиеттері мен болмысы отбасында қалыптаса бастайды. Тәрбиенің мақсаттары өзгерген сайын отбасының рөлі де өзгереді. Отбасы адамның білімі мен қабілетінің іске қосылуының негізгі шарты ретінде қарастырылады. Отбасындағы қалыпты қатынастар, өзара түсіністік адамгершілік тәрбиесінің негізін құрайды. Осыған байланысты отбасының қоғамдағы рөлін арттырып, оның бала тәрбиесіндегі маңызын көрсетуге бағытталған іс-шаралар жасалуы тиіс.

Осы мақсатта мектепте «АТА-АНА-ОҚУШЫ-МҰҒАЛІМ» Үштік Одақ жұмыс жүйесі жолға қойылу керек. Мектептерде ата-аналарға арналған «Ата-аналарға арналған мектеп» жобасы жүзеге асырылу керек.

Жобаның мақсаты: мектеп пен ата-ана арасындағы тығыз қарым-қатынасты нығайту жолдары.

Міндеттері төмендегідей:

- Ата-аналар тарапынан оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда және басқаруда мектептерге қолдау көрсету;

- Мектептегі үйірме жұмыстарының өндіріспен байланысын дамыту; Көркем сурет галлерейасы, қолөнер цехы, т.б. өндіріс орындарына оқушыларды апарып, танымын арттыруға көмекші болу;

- Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға үлес қосу;

- Өскелең ұрпақтың, қазақы салт-дәстүрлерімізді бойына сіңіріп өсуіне атсалысу;

- Әкелер кеңесі, Аналар академиясының ұйымдастыруымен болатын шаралар (семинар, тренингтер) арқылы мектеп ата-аналарының, оқушыларының, ұжымының дамуына атсалысу;

- Ата-аналар арасындағы «Кітап оқу» сайысына қатысу; Оқушылармен оқыған кітаптары желісінде әңгімелесу, талқылау;

- Түрлі шығармашылық, спорттық, мәдени шаралараға белсенді қатысу.

Күтілетін нәтижеге тоқталсақ:

Ата-аналармен бірлесе жұмыс жасау аясында жүзеге асырылатын жобалардың оқушыларға ықпалы қандай?-деген сұрақтың тағылымына келіп саяды.

- Қабілеттерін жетілдіріп, қоғамға пайдалы қызмет ұсынады;

- Жоспарлы болуды әдетке айналдырады, бос уақытты тиімді қолдана алады;

- Жеке мақсаты туралы ой-пікір қалыптасады;

- Өзгерістерге бейім болады;

- Өзіне және айналасына сеніммен қарай алады;

- Басқаларды тыңдай білуі, олардың пікірімен санасуды үйренеді;

- Өз ойын ашық айта алады;

- Топ белсенділігіне ерікті түрде қатыса алады;

- Мәселенің шешімін ең тиімді түрде шеше алады;

- Қоршаған ортаға деген құрметі артады.

Бұл нұсқаулықта ата-аналармен жұмыс жасау 4 бағытта жүргізу критерийі ұсынылады:

1. Қоғамдық бағыт (өндіріс орындары, ЖОО-ға саяхат, қоғамға пайдасын келтіретін еріктілер жұмысын ұйымдастыру т.б.)

2. Мәдени бағыт (мерекелік бағдарлама, көрме, театр, кино сағаттары, табиғатқа, қалаға саяхат жасау)

3. Жеке тұлғалық дамыту бағыты (кездесулер, тәрбие сағаты, тренинг, дөңгелек үстел)

4. Спорттық сала бағыты (волейбол, футбол, баскетбол, фитнес т.с.с.)

Аталған жобала бағытталған маңызды мәселелер:

- Ата-аналардың оқу процесіне белсенді қатыспауы;
- Ұлттық-рухани тәжірибені таратуда ұрпақтар байланысының әлсіреуі;
- Бала тәрбиесіне әкелердің белсенді қатыспауы;
- Ата-аналардың физиологиялық-психологиялық саулығы, отбасын

жоспарлау мәселелеріндегі ақпараттың жетіспеушілігі, отбасындағы жанжалдарды дұрыс шешу дағдыларының болмауы.

Үштік Одақ жұмысы жүйелі қойылса, «Мұғалім - ата-ана – оқушы» өзара бірлесе отырып, табысты тәрбиені жасауға жол ашады.

Қоғамдық бағыт аясында жыл сайынғы тәрбие жоспарына сай «Аналар академиясының» ұйымдастыруымен «**Мейірімді әлем**» атты қайырымдылық іс-шарасы өткізілу керек. **Мақсаты:** ата-аналар арқылы оқушылардың бойына ізгілік пен жақсылықтың дәнін егу, адамгершілікке баулу, мектеп пен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту, оқушы-ата-ана арасындағы Үштік Одақтың байланысын нығайту көзделді. Сондай-ақ, қайырымдылық іс-шарасынан түскен қаражат қажетті дертті жанның еміне жұмсалатыны немесе гуманитарлық көмек ретінде жолданатыны туралы ақпарат беріледі.

Жеке тұлғалық дамыту бағыты аясында ұйымдастырылатын іс-шаралар, семинар-тренингтер: Ата-ана да әрдайым өз бетінше оқып, өзіндік тәжірибе алаңын кеңейтіп отыруы тиіс. Осы бағытта педагог-психологтармен «**Жасөспірімдердің проблемаларын шешудегі ата-ананың орны: сезіну мен түйсіну**» тақырыбында 7-8 сынып ата-аналарына арналған семинар-кеңес, «**Кемел ұрпақ тәрбиелеудегі ата-ананың рөлі**» тақырыбында кездесу ұйымдастыру қажет. Семинардың мақсаты: бала тәрбиелеудегі ата-ананың, тәрбиешінің, қоғамның көзқарасын өзгерту, баламен күнделікті қарым-қатынасымызда білмей немесе әлсіздік таныту арқылы баланың болашағына балта шауып жүрген әрекеттеріміз жайында ақпараттық мәлімдеме беру. Атап айтқанда, мына сұрақтар аясында «Балаға жағымсыз қылықтар қайдан жұғады?», «Бала ұялу сезімін қалай жоғалтады?», «Бала неге жасық, өзіне сенімсіз болады?», «Неліктен агрессив болды?», «Баланың өзін және басқаларын жек көруінің себебі не?», «Бала неге өтірік айтады?», «Кінәлі сезінудің себебін білесіз бе?», «Ата-анаға деген құрмет қалай жойылады?» тақырыптарында әңгіме өрбігені дұрыс.

Сондай-ақ, бала тәрбиесінде ұстанатын негізгі 3 құзіреттілік қағидасына тыңдаушылардың назарын аударады:

1. МЕЙІРІМДІЛІК ТАНЫТУ.
2. ЖАҚСЫ КӨРУ.
3. БАЛАМЕН БІРГЕ УАҚЫТ ӨТКІЗУ.

Ата-анамен психологиялық жұмыс жасау барысында отбасылық құндылыққа маңызды мәселелерді бағыттайтын жетелеуші сұрақтар арқылы жол көрсетуге болады. Сауал мазмұны төмендегідей болуы керек:

1. Ата-аналардың оқу процесіне белсенді қатыспауы:

* Құрмет көрсетілген жерде қандай нәтижелер болады?
* Мұғалімнің оқушыға деген жылы шырайы ата-ананың атмосферасын өзгерте ме?

* Жауапты болу мен сенімнің арасында қандай байланыс бар?

* Шынайылық кез келген адамның қолынан келе ме?

2. Бала тәрбиесіне әкелердің белсенді қатыспауы:

* Патриотизм қандай сезімді оятады?

* Өз Отанының патриоты болуға қандай мінездер әсер етеді?

* Баланы табандылыққа үйретуде әкенің рөлі қандай?

* Адамды адам еткен еңбек?

3. Ұлттық-рухани тәжірибені таратуда ұрпақтар байланысының әлсіреуі:

* Мінезі көркемнің тұлғасы қандай болады?

* Жеке мүдде мен қоғам үшін жасалатын батылдықтың аражігі қандай?

* Кішіпейілдіктің шегі бола ма?

* Неліктен бірлесе жұмыс жасау маңызды?

4. Ата-аналардың дене және психологиялық саулығы, отбасын жоспарлау мәселелеріндегі ақпараттың жетіспеушілігі, отбасындағы жанжалдарды дұрыс шешу дағдыларының болмауы:

* Ата-ананың арт-терапия көмегімен, отбасын қолдау нәтижелері

* Отбасылық жағдай баланың өмірге келу құштарлығы

* Отбасының негізгі құндылығын құрметтеу

Мәдени бағыт аясында өнер-білім байқаулары: Мектепте «Озық ойлы оқырман», «Ата-анаммен бірге кітап оқимын» атты кітап оқу байқауы ұйымдастырылады. Ата-ана мен оқушы бірлесе отырып, кітап оқиды, талдайды, емтихан тапсырып, ұпай сандары бойынша нәтиже шығады. Мысалы, ата-аналар Оралхан Бөкейдің «Атау кере» романын оқыса, оқушылар Экзюпери «Маленький принц» романын оқиды. Тест тапсырып, жеңімпаздар марапатталады.

Спорттық сала бағыты аясында спорт ойындары: ата-ана мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Достық» волейбол турнирі, апталық «Волейбол» ойындары, аймақтық ата-аналар арасындағы көпсайыс турнирі, «Футбол», «Баскетбол», «Шахмат», «Тоғызқұмалақ» ойындары ұйымдастырылса болады. Турнир мақсаты: отбасылық құндылықтарды насихаттау, ата-ана мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

Әрбір ата-ана - оқушының айнасы. Ата-ана бойындағы адами құндылық баланың бойына сіңірілуі қажет. Осы орайда әр сынып жылдық жоспарға сай «Ізгілік – ұядан» айдарымен «Отбасы – тәрбиенің бастау алар бұлағы» тақырыбымен ата-аналардың тәрбие сағаты өткізіледі. Ата-аналар арнайы кесте бойынша тақырып пен өткізілетін күнін таңдап алып, жоспар бойынша өз ұл-қыздарына тәрбие сағатын өткізеді.

Ата-аналар арасында өткізілетін тәрбие сағаты кестесі

№	Тәрбие сағаты тақырыптары	Ата-ананың аты-жөні	Өткізілетін уақыты
1	«Әдеп пен салт-сана сабақтастығы»		
2	«Сәлем түзелмей, әлем түзелмейді»		
3	«Алдымен сүй ардақты ата-ананды»		
4	«Отан – ұлттың қара шаңырағы»		
5	«Сөз қадірің – өз қадірің»		
6	«Қанағат – ол да бір дәулет»		
7	«Әділдіктен асқан ізгілік жоқ»		
8	«Кішіпейілділік – кісілік белгісі»		
9	«Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы»		
10	«Тазалық – тазаланған жерде емес, таза ұстаған жерде болады»		
11	«Сабыр – ақыл серігі»		
12	«Жомарт жоғын білдірмейді»		
13	«Мен нағыз дос болуға жараймын ба?»		
14	«Бақыт деген...»		
15	«Ар-абыройыңды жасыңнан сақта!»		
16	«Бір ауыз сөз...»		
17	«Қыз инабаттылығымен әдемі»		
18	«Жақсылық – жан азығы»		
19	«Кітап – ең сабырлы ұстаз»		
20	«Үміт болашаққа жетелейді»		
21	«Киім кию әдебі»		
22	«Салт-дәстүр – ұлттық құндылық»		
23	«Туған жер - алтын бесік»		
24	«Патриоттық тәрбие»		
25	«Спорт – саулық негізі»		

Мектептегі басқару жүйесін жандандырудың келесі бір бағыты - Бірлескен ата-аналар жиналысы. Мектепте жоспарға сай «Ата-ана, мектеп, оқушы» бірлескен (педконсилиум) ата-аналар жиналысы өткізілу керек. Мақсаты – ата-ана мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты нығайту, үштік одақ қызметін өзара байланыстыра отырып, жұмыс жасау міндетті. **Педконсилиумнан күтілетін басымды құндылықтар:**

- ата-аналар баласы туралы ақпаратты толық біледі;


- ата-аналар баласының әлсіз тұстарына көзжеткізеді;
- ата-аналар баласының ілгерілеуі мен төмендеуінің себептерін анықтайды;
- пән мұғалімімен бетпе-бет кездесу, ақылдасу баланы тануға әкеліп тірейтіндігіне көзі жетеді;
- мектеп психологымен сұхбаттасу арқылы баланың психологиялық ахуалымен сыр шертісе алады;
- мектеп дәрігерімен кездесу арқылы баласының денсаулығына бағыт-бағдар ала алады;
- өзге де ата-аналармен тәжірибе бөлісіп, ақыл-кеңес ала алады;

Төмендегі кестеде ата-аналармен атқарылатын іс-шаралар



Ата-анамен тиімді жұмыс жасаудың 5 түрлі құнды қағидасымен таныстырығымыз келеді. Атап айтқанда:

1. Өзара сенімділік арқылы ынтымақты орта қалыптастыру;
2. Ортақ түсінік қалыптастыру;
3. Қысқа әрі түсінікті мақсат қойып, қисынды нәтиже күту;
4. Ата-ана пікірімен санасу, ақылдасу, қолдау көрсету;
5. Қоғамдық-мәдени шараларға қатыстыру.



Әдістемелік нұсқаулықтың қорытындысы. Отбасындағы ашық әрі сенімді қарым-қатынастардың негізін баланың болашаққа нық сеніммен қарауына, жақсы іс-әрекеттерге бейімделуіне, баланың өз отбасын бір мүшесі екенін сезініп, әрі сол арқылы қоғамның да бір мүшесі екенін сезінуіне жол

ашуға, өзіндік ой пікірінің бағаланатындығын сездіруге жағдай жасайтын көзқарастар кұрайды. Сондықтан отбасы тәрбиесі өте маңызды болып табылады, ал мектептің міндеті болса, оқу-тәрбие үдерісінде отбасына барынша көмектесіп, ортақтаса жұмыс істеу болмақ. Бала тәрбиесі – әке тәрбиесі – ана тәрбиесі – ата-ана арасындағы қарым-қатынас тәрбиесі арқылы тиімді өрбиді. Тәрбие көзі отбасыда – ата-ана тәрбиесі – ата-әже тәрбиесі – бала-бақша тәрбиесі – мектеп/ұстаз тәрбиесі – қоғам тәрбиесі – өзін-өзі тану тәрбиесі кезеңдері арқылы тәрбие үдерісі жүзеге асады. Әр оқушы – әр тұлға болатыны айдан анық. Қазақ психологиясының негізін қалаушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытов: «Адам мінезінің, ақыл-қайратының әр түрлі болуы – тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан», - деп баға берген екен. Демек, әр отбасының құндылығынан нәр алған жас бала – саналы тәрбиені сапалы біліммен ұштастыра білетін, жеке жаһандық тұлға. Себебі «Бала – біздің болашағымыз әрі біздің өміріміздің жалғасы» осындай күзiреттiлiкке бейiмдейтiн iс-шаралар арқылы бiз тек баланы ғана тәрбиелеп қоймаймыз, оның ата-анасын да тәрбиелеуге қолжеткiзетiнiмiз сөзсiз.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинетінің «Тұлғаны әлеуметтендіру және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру» бөлімінің жетекшісі Келдибаева Гульзат Елемесовнаның тәжірибесінен

**Балалар жылына арналған «Тәрбие – тал бесіктен»
атты өңірлік жобасының
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Жоба құрастырушылар:

Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинеті.

Негіздеме: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа жылдық құттықтауында 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялау тапсырмасы.

Іске асыру тетіктері: Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

Басшылыққа алатын нормативтік құжаттар:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Бала құқықтары туралы Конвенция», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңы, ҚР Білім және ғылым министрінің тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

Кіріспе: Бала – болашақ, бала – елдің ертеңі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялағаны белгілі. Ел ертеңі – өскелең ұрпақты қолдауға айрықша көңіл бөлінеді.

Тағылымды тәрбие – бала болашағының іргетасы. Қазақтың балалары әлемдік деңгейде ел мерейін асыруда. Қарапайым ауылдан шыққан талай баланың жұлдызы жанып, қабілетімен дарындылар қатарына қосылды. Қай кезде де мемлекет баланың үздіксіз дамуына инвестиция құюды тоқтатпайды.

«Бала – бауыр етің», «Балалы үй – базар» деп ұрпағын байлық санаған халқымыз бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Биылғы жыл біздің мемлекетіміз үшін үлкен мүмкіндіктер мен табыс жылы болмақ. Ел ертеңіне сапалы білім мен саналы тәрбие беру – мемлекеттің, әр адамның парызы. Мағжан Жұмабаев «Жас бала – жас шыбық. Жас күнінде қалай иіп тастасаң, солай өседі» дейді. Ұрпақ тәрбиесі қай кезде де маңызды. Ұлт келешегі ұл тәрбиесі мен қызды қырық үйден тыюда жатыр.

Шығыстың ғұлама ғалымы әл-Фараби «Жас жеткіншектеріңді көрсетіңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін» дейді. Сол айтпақшы, жас ұрпақ тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ұлттың бүгін де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Кез келген халық ұрпақ тәрбиесін – ұлттың тағдыры, болашағы деп біледі.

Әркім өз сәбиін тәрбиелеуде елімнің ертеңін, халқымның болашағын тәрбиелеудемін деген үлкен жауапкершілікті сезінуі тиіс. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басымдық баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу.

Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының негізгі бағыттарының бірі – балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Қоғам өмірінің сапасын арттыруға, әрине, бірінші кезекте – балалардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

Мемлекет балалық шақты адам өмірінің маңызды кезеңі деп таниды және балаларды қоғамдағы толыққанды тіршілік әрекетіне даярлау басымдығы қағидаттарын негізге алады.

Елімізде білім, тәрбие беру саласында ежелден келе жатқан ұлт тарихының, салт-дәстүрінің, рухани мұраларының алатын орны ерекше. Білім мен тәрбие берудегі негізгі міндет – білім алушыларды ұлттық рухта тәрбиелей отырып, білім сапасын арттыру.

Ұлттық салт – дәстүрді, мәдениетпен өнерді насихаттау – тәрбиенің төресі. Көкпар, бәйге, қыз қуу, теңге алу, аударыспақ, т.б ойындарымыз арқылы тәлім алса, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өседі.

Мақсаты:

Балалардың өмір сүру сапасын қамтамасыз ету, бойына ұлттық құндылықтарды дарыта отырып, білім мен тәрбие беру, баланың құқықтарын қорғау, қамқорлық жасау және балалардың мүдделерін қозғайтын тұжырымдаманы іске асыру.

Міндеттері:

Жас ұрпақты ұлтжандыққа, отансүйгіштікке, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін терең меңгеруге, ана тілін қадірлеуге үйрету;

- Жас ұрпақтың қоғамдық санасын жаңғырту негізінде ұлттық мәдениет пен үздік дәстүрлерді және сабақтастықты сақтауға жағдайлар жасау;

- Балаларға сапалы білім беру және тәрбиемен, мәдени дамыту мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- Жастарды этносаралық келісімді, толерантты қарым-қатынастарды ілгерілетуге, ұрпақтар сабақтастығын сақтауға және нығайтуға тарту;

- Білім алушылардың ақпараттық сауаттылығын қалыптастыру;

- Білім алушыларға арналған қауіпсіз және ыңғайлы ортаны қалыптастыру;

- Білім алушылардың құқықтарын қорғау үшін кешенді және жеке жүйелер қалыптастыру;

- Позитивті адамгершілік және эстетикалық құндылықтарды ұстанған өмірге, қоршаған ортаға жауапты шығармашылық бастамаға, белсенді өмірдің ұстанымдарын көрсететін жастар санын арттыру;

- Білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

- Интеллектуалды, рухани-адамгершілік дамуға ықпал ететін жағдайларды жасау арқылы олардың өмір сапасын жақсарту;

- Өмірде қиын жағдайға тап болған балалардың құқықтарын қорғау үшін кешенді шаралар жүйесін қалыптастыру;

- кәмелетке толмағандар арасында балалар қадағалаусыздығының, панасыздығының және құқық бұзушылықтарының алдын-алу жүйесін жетілдіру;

- білім алушылардың дем алу, бос уақытын өткізу, мәдени және шығармашылық өмірге қатысу құқықтарын іске асыруға ықпал ететін жағдайлар жасау болып табылады.

Өзектілігі: білім алушыны рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың салт-дәстүрлерін аялай білуге ұлттық құндылықтарымызды дәріштеу.

Күтілетін нәтиже:

Тұжырымдама шеңберінде сыныпта және мектептен тыс тәрбие жұмыстарында балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау бағытындағы шаралар жүзеге асады. Баланың қажеттілігін қанағаттандыру және қабілетін анықтау, жеке тұлға ретінде қалыптасуына қолайлы жағдайлар жасалады. Әрбір баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, бала өмірін және денсаулығын қорғау бойынша жұмыстары жанданады.

Қатысушылары: Білім беру ұйымдары.

Бірінші бағыт «Білімді бала» - балалардың сапалы білім алуға және жеке тұлға ретінде дамытуға қатысты құқықтарын жүзеге асырып, оқу-тәрбие процесінде тәрбие компонентін күшейту. Оның шеңберінде сыныпта және мектептен тыс тәрбие жұмыстарында балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау бағытындағы шаралар жүзеге асады.

Екінші бағыт «Отбасы – қауіпсіз мекен» – баланың білім алу құқықтарын жүзеге асыру мен отбасындағы адамгершілік және рухани құндылықтарды насихаттауды қамтиды. Бұл жоба кезінде өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылар мен тұлғаларға көмек көрсету бойынша іс-қимыл алгоритмін әзірлеу, және жекелеген санаттағы балаларға материалдық көмек көрсетудің қолданыстағы жүйесін өзгерту бойынша ұсыныстар енгізу секілді іс-шаралар жүзеге асады.

Үшінші бағыт «Дені сау бала» – балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығын нығайту шараларын ұйымдастыру және олардың құқықтарын қорғау. Оған қоса мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық оңалтумен қамтуды ұлғайту қолға алынбақ.

Төртінші бағыт «Баласын жетімсіретпеген ел» – жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқығын қорғау бойынша іс-шаралар қолға алынады. Атап айтсақ, өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды қолдау орталықтарының функцияларын кеңейту, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастырудың баламасын әзірлеу секілді іс-шараларды қамтиды.

Бесінші бағыт «Жайлы мекен» – балаларға арналған инфрақұрылымды дамытуға бағытталған. Дәлірек айтқанда, қала, елді мекендердің инфрақұрылымын қауіпсіздік тұрғысынан дамыту, арнайы мектептер мен мектеп-интернаттарды жарактандыру, «2025 жылға қарай 1000 мектеп» бағдарламасы аясында салынған жаңа мектептердің ашылу салтанатын өткізу, «Балаға мейірімді қала» ұлттық сыйлығын енгізу секілді іс-шаралар легін қамтиды.

Алтыншы бағыт «Бала қорғау» – балалардың қауіпсіз даму жағдайларында құқығын жүзеге асыруға бағытталып отыр. Мұнда бұқаралық ақпарат құралдарында суицид тақырыбын жариялау мәселесі бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Жетінші бағыт BALA_TIME.KZ – балалар мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Оның аясында балаларға арналған арнайы медиа өнімдерді шығару және тарату: телешоулар, сериалдар, деректі фильмдер, әлеуметтік желілердегі имидждік өнімдер жариялау.

Тараз қаласы Бауыржан Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сарсембекова Айнур Егетаявнаның тәжірибесінен

«Дәстүр мен ғұрып» - тәрбие үдерісінде рухани құндылықтар негізінде тәрбиелеу жобасы

Ұлттық бірегейлікті сақтауда қанымызға сіңіп, тұрмысымызға айналған салт-дәстүрдің маңызы жоғары. Рухани құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, сабақтасуы мәңгілік ел болудың негізгі өзегі. Сондықтан, ұлттық бірегейлікті сақтау жолында дәстүр мен ғұрпымызды, ұлттық асханамыз бен тағамдарымызды жүйелі жаңғырту керек. Әсіресе, ақпарат пен сан түрлі

мәдениет тоғысқан жаһандану заманында ұлттық код пен рухты бекем ұстайтын салт-дәстүр мен әдет ғұрып. Осы ретте, «Дәстүр мен ғұрып» арнайы жобасын енгізіп, рухани мұрамызды түгендеп, жаңғыртып, озығын саралаудың өзектілігі жоғары.

Жоба мақсаты қазіргі заманда ұмыт болып бара жатқан және өзектілігін жоймаған дәстүрлер мен ғұрыптарды адамгершілік, тәрбиелік құндылықтар тұрғысынан жаңғырту, күнделікті қолданысқа енгізу, қазақ ұлттық өнері, дәстүрлерінің, ұлттық тағамдарының ерекшеліктері мен құндылықтарын танымал ету.

Жоба міндеттері:

√ Оқу-тәрбие процесінде ұлттық дәстүрлер мен ғұрып негізінде тәрбиелеу міндеттерін жүзеге асыруға ата-аналарды, мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдарды тарту;

√ ұлттық рух пен патриотизмді дәріптеу;

√ жалпыұлттық және рухани құндылықтарды нығайту;

√ этникалық мәдениетті сақтау, білім алушыларды ұлттық мәдениет дәстүрлеріне тәрбиелеу

√ білім алушыларға ұлттық тағамдардың құндылығы мен пайдалылығын түсіндіру.

Жобаның маңыздылығы: мектеп пен қоғам бірлестігінде дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды жандандыру, жаңғырту жұмыстарын ұйымдастыру, проблемалық мәселелерді шешу; мектепте, қосымша білім беру ұйымдарында ұлттық құндылықтарымызды, мәдениетімізді, дәстүрлер мен ғұрыптарымызды дәріптеу, ұмыт болып бара жатқан дәстүрлерімізді жаңғыртуға жәрдемдесу.

Жобада бағытталған маңызды мәселелер:

1. Мақал-мәтел мен халық ауыз әдебиетінің бала тәрбиесінде қолданыла бермеуі

2. Ұлттық киім, ұлттық күнделікті тағам, ұлттық мінез-құлықтың ұмыт болып бара жатуы

3. Дәстүрлер мен ғұрыптардың күнделікті өмірде толық сақталмауы

«Дәстүр мен ғұрып» жобасын іске асыру бағыттары бойынша жүргізілетін іс-шаралар бағыттары

1. «Ұлттық бірегейлікті сақтау – ұлттық өркендеудің негізі»

2. Халықтың өзара көмекке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары еңбек тәрбиесінің өзекті мәселесі ретінде

3. Отбасында үлкендерге, ата-анаға құрмет көрсету, сыйласымдық қарым-қатынас дәстүрі

4. Баланың дүниеге келуі мен бала тәрбиесіне байланысты дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар

5. Ұлттық тағамдар

6. Қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік мәні

7. Ұлттық салт-дәстүрлер мен ғұрыптар қазақ ұлтының рухани мәдениетінің компоненті ретінде

8. Ұлттық дәстүрлер мен ғұрыптарды сақтауда ата-аналармен, мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдармен байланыс

Күтілетін нәтижелер:

Ұлттық бірегейлікті, ұлттық кодты сақтау, қоғамдық сананы жаңғырту мәселесінде білім алушылар

-қазақ өркениетінің ұлттық ерекшеліктері, тұрмыстық дәстүрлер, материалдық және рухани мәдениеттің негізгі ерекшеліктері, жалпыұлттың және өзі тұратын өңірдің әлеуметтік-мәдени, географиялық, өркениеттік сипаттамалары туралы негізгі мәселелерді біледі;

- ұлттық салт-дәстүрлер мен ғұрыптар, отбасылық және жалпыұлттық құндылықтар бойынша алған теориялық білімді тәжірибеде қолдана алады;

- дәстүрлер мен ғұрыптарды сақтай отырып ұлттық құндылықтар туралы білімді игеру, талдау барысында рухани және эстетикалық құндылықтардың көріністерін пайдалану дағдыларына ие болады;

- ұлттық салт-дәстүрлерді, ғұрыптарды пайдалану негізінде жалпыұлттық және өңірлік мәдениетінің ерекшеліктерін зерттеу дағдыларына ие бола алады.

Жобаның арнайы тұжырымдамасы дайындалып, 1-4-сыныптарда 18.11.2021ж - 03.12.2021ж. аралығын қамтыды. Ал 5-11-сыныптарда 4-тоқсанда өтілмек. Жобаның 8 бағытына сай төмендегі шаралар өтілді:

1-бағыты: «Ұлттық бірегейлікті сақтау – ұлттық өркендеудің негізі»

✓ Жас ұрпақты қазақ халқына тән ойлау қабілетінің ерекшелігіне үйретіп, сөз құдіретін мейлінше еркін қолданып, оны түсініп, қажет жағдайда қолдануға тәрбиелеу мақсатында «Қазақ ұлтының даналық ойлары» тақырыбында тәжірибелік сабақ

✓ «Ұлттық бірегейлікті сақтау – ұлттық өркендеудің негізі» ұлттық киімдер кию үлгісі

2-бағыты: Халықтың өзара көмекке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары еңбек тәрбиесінің өзекті мәселесі ретінде

✓ «Ұжымдық көмек, оның түрлері» («Асар», «Жылу», «Қол ұшын беру», қарыз-жолдастық қарыз» т.б.) кейстер құрастыру; мүгедек жандарға көмек қолын созу, жолдастарына, достарына ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға көмек көрсету

✓ Мектеп ауласында, жылыжайларда, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, егістік алқаптарында, бау-бақшаларда «Еңбек күнін» өткізу;

✓ «Көмек» үлкендерге, қарттарға, мүгедек жандарға көмек қолын созу, жолдастарына, достарына ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға көмек көрсету челленджін ұйымдастыру;

3-бағыты: Отбасында үлкендерге, ата-анаға құрмет көрсету, сыйласымдық қарым-қатынас дәстүрі

✓ «Ата-анама қалай құрмет көрсетемін?» сахналық қойылым

✓ «Қарттарым – асыл қазынам» рухани кездесу

✓ «Ата-ананы қадірлеу – парыз» тәрбие сағаты

✓ «Атам мен әжемнің даналығы» сыр-сандық интеллектуалды ойыны;

- ✓ «Ата-ананың қадірін біл» танымдық сабақ

4-бағыты: Баланың дүниеге келуі мен бала тәрбиесіне байланысты дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар

- ✓ «Ашамайға мінгізу» тәрбие сағаты
- ✓ «Шілдехана, бесік той, тұсаукесер, сүндет той» мерекелік іс-шара
- ✓ «Жеті ата – тәрбие көзі» танымдық сайыс;
- ✓ «Ұмыт қалған дәстүрлер мен ғұрыптар» (Көгентүп, Жиен құрық, Бәсіре т.б.) интеллектуалды сайыс

5-бағыты: Ұлттық тағамдар

- ✓ «Ұлттық тағамдар мәзірі» байқауы
- ✓ Ата-бабаларымыз дайындаған ежелгі тағамдарды «Өрметас», «Үлпершек», «Қарын бөртпе», «Бұжы», «Жаужүрек», «Қарын көмбе» сияқты бірегей тағамдарды жандандыру шарасы

- ✓ «Қазақ халқының бірегей тағамдары» фестивалін ұйымдастыру
- ✓ «Аспаздық өнер» білім алушылармен «телеарна» бағдарламасы

6-бағыты: Қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік мәні

- ✓ «Тоғызқұмалақ» интеллектуалды ойынын өткізу;
- ✓ Білім алушыларды ептілік пен мергендік өнерге баулу мақсатында «Садақ тарту», «Белдесу» «Асық» ойындарын өткізу

- ✓ «Ұлттық спорт түрлері» тақырыбында өлеңдер, шығармалар, суреттер байқауын ұйымдастыру;

- ✓ «Ата-бабамыздың аңшылық дәстүрі» сынып сағаты, танымдық зерттеулер мен бейнероликтер даярлау;

7-бағыты: Ұлттық салт-дәстүрлер мен ғұрыптар қазақ ұлтының рухани мәдениетінің компоненті ретінде

- ✓ Ұлттық мерекелерді тойлау ерекшелігі:

Наурыз мейрамы;

Ораза айт мейрамы;

Құрбан айт мейрамы;

- ✓ «Жеті ата – отбасылық шежіре» тәрбие сағаты

- ✓ «Жаңа заман дәстүрлері» ұлттық дәстүрлер сайысын ұйымдастыру

- ✓ Қонақжайлылыққа байланысты салт-дәстүрлерді (қонақасы, қонақкәде, ерулік, сарқыт, соғымбасы, сәлемдеме, сыбаға, қымызмұрындық, қол кесер, сауын айту, белкөтерер, өлі сыбаға, жол-жоралғы т.б.) жаңғырту шарасы

- ✓ Ұлттық дәстүрлер мен ғұрыпқа негізделген заманауи күнделікті өмірде дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар туралы білімді кеңейту мақсатында жұмбақ, жаңылтпаш, шешендік өнер сайысы

8-бағыты: Ұлттық дәстүрлер мен ғұрыптарды сақтауда ата-аналармен, мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдармен байланыс

- ✓ «Ұмыт болып бара жатқан ұлттық дәстүрлер мен ғұрыптар» тренинг;

- ✓ «Салт-дәстүр білгірі» отбасылық ата-аналар сайысы

- ✓ «Қазақ ұлтының даналық ойлары» тәжірибелік сабақ

- ✓ «Әжелер сайысы» бағдарламасы

- ✓ «Анаға тағзым» орталығымен байланыс

✓ «Рухани жаңғыру» жобалық офисімен байланыс

Қазіргі заманда ұмыт болып бара жатқан және өзектілігін жоймаған дәстүрлер мен ғұрыптарды адамгершілік, тәрбиелік құндылықтар тұрғысынан жаңғырту, күнделікті қолданысқа енгізу мақсатындағы бұл жоба музыка, көркем еңбек пәндері мазмұнымен ұштастырылып, бірнеше іс-шаралар ұйымдастырылды:

- *Бастауыш сынып білім алушыларына ұлттық би «Қаражорганы» «Үкілім» және «Аяла» би үйірмелерінің жетекшілері жүргізді.*

- *Дәстүрлі ән өнері, негізін салушылар, қазақ дәстүрлі ән өнерінің көрнекті өкілдері туралы мәлімет беріп, ән орындау үлгісін музыка пәнінің мұғалімдері көрсетті.*

- **«Dombura party» шарасын** домбыра үйірмесінің жетекшілері жүргізді.

2-сынып білім алушылары көркем еңбек сабағында қазақ ұлттық камзолдарды қағаздардан қиып, ою-өрнек салып, этносән үлгілерін жасап үйренді, қазақ халқының қымыз, шұбат, іркіт құюға арналған ежелгі ыдысы торсықтың суретін бейнеледі, жапсырмалады.

3-4 сынып білім алушылары арасында көркем еңбек сабағында «Ұлттық төсеніш – текеметке» түрлі-түсті қағаздан оюлар қиып жапсырмалады. 3-4-сынып білім алушылары көркем еңбек сабағында халқымыздың салт-дәстүрлері «Сүйінші» мен «Байғазыны» насихаттап, қойылымдар дайындады. Мақсаты: оқушылардың бойына қазақтың салт-дәстүрлерін сіңіру және шығармашылықтарын арттыру.

Ұлттық ойындарды көрсету, түсіндіру, ойнату /Айгөлек, Белбеу лақтыру, Саққұлақ, Тымпи, Ақсүйек, Алтыбақан, Тоғызқұмалақ, Көкпар) шараларын дене тәрбиесі мұғалімдері жүргізді.

Қазақ салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа, ұлттық ас мәзіріне бай халық және әрбір ұлттық дәстүрдің тәрбиелік мәні мен маңызы терең. Ұлтымыздың салт-дәстүрлері ұрпақты өнеге мен білімге, елжандылыққа, ізгілікке, бауырмалдық пен өнегеге шақыруымен құнды. Сондықтан, арнайы жоба аясында қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын кеңінен дәріптеп, ұмыт болғанын жаңғыртып, заман көшіне сай ұлықтап, өскелең ұрпақты сол арқылы тәрбиелеу жолға қойылу керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Білім алушының тұлғалық құндылықтарын қалыптастыру стратегиясы бүгінгі таңда білім беруде ілгері жетекші мәнге ие, өйткені білім алушының тұлғалық құндылықтарының құрылымында ерекше мағына бар. Білім алушылардың рухани-тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру, әлеуметтік және жеке құзыреттіліктерін дамыту, гуманистік мәдениетті қалыптастыру, бұл педагог үшін ең басты негіз.

Жалпы алғанда, білім беру жүйесінің басты міндеті – тұлғаны, оның әлеуетін, шығармашылық қабілеттерін дамыту, білім берудің сапасын арттырып, тұлғалық құндылықтары дамыған, болашақта бәсекеге қабілетті тұлғаны даярлау. Бұл дәстүрлі дидактикалық және технологиялық қолдаудан, шығармашылық білім беру ортасын құрудан өзге білім беру процесін дамытумен тығыз байланысты. Білім алушылардың тұлғалық құндылықтарын зерттеу мәселесі ол әлеуметтік–экономикалық жағдайға, білім беру жүйесіндегі бейімделу, өзін-өзі дамыту, қалыптастыру мәселесіне байланысты түрлі аспектілерде көрініс тауып отырады.

Әлемдік білім беру кеңістігінде баланың жеке басына бет бұру – тәрбие мазмұнын жаңартудың негізгі бағыты. Ол адамның өзін-өзі бағалауы мен әлеуметтік беделінің негізін құруды қарастырады. Дамушы мектептің түлегі өзін-өзі дамытып, дамушы қоғамда өмір сүруге дайын және қоғамды дамыта білуі керек. Бүгінгі таңда ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтап келген жалпыұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарымызды дәріптеп, оны отбасылық дәстүрлерде өскелең ұрпаққа бере отырып, жаңғыртуымыз керек.

Өйткені ұлт болашағы – ұлттық құндылықтарды дәріптейтін, ұлттық сананы қалыптастыратын, тілі мен ділін, дінін сақтайтын, дені сау, салауатты, білімді, жан-жақты дамыған тұлғаның қолында.

Сондықтан күнделікті өмірде тәрбие әдістері арқылы салт-дәстүрлерді сақтап, ұлттық құндылықтарымызды өскелең ұрпақтың бойына сіңіруді жалғастырып, дамытып отыруға міндеттіміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Hayes T. L. An Exploration of Professional Values Held By Baccalaureate and Associate Degree Nursing Students. Electronic Theses, Treatises and Dissertations. 2006, - 44 б.
2. Никитина, Н. Н. Развитие ценностного сознания учителя / Н. Н. Никитина // Педагогика. 2000. - № 6. - 65-70 б.
3. Нанивская В.Т. У истоков японского «группового сознания» (послесловие к русскому изданию // Детский сад в Японии. Опыт развития детей в группе: пер. с яп. / общ. ред. и послесл. В.Т. Нанивской. – М.: Прогресс, 1987. – С. 230–243 б.
4. Кочкина А.Е. Формирование нравственных качеств личности в традиционной системе воспитания (на примере Японии): автореф. дис. ... канд. пед. наук. – Карачаевск, 2005. – 23 б.
5. Ямагучи М. Импрессионизм как господствующее направление японской поэзии. – СПб., 1913. – 110 б.
6. Джурицкий А.Н. Японское чудо: мифы и реальность. Школьное образование и воспитание в Японии: ЖОО арналған оқулық. – М.: УРАО Баспасы, 1998. – 64 б.
7. Бородина Н.Я. Главное в образовании – воспитание // Воспитание школьни-ков. – 2011. – №1. – С. 11–22 б.
8. Травников Г.Н. Философско-антропологическая концепция инновационной педагогической деятельности: моногр. – Пермь: Изд-во Перм. гос. техн. ун-та, 2010. – 240 б.
9. Лихачёв Д.С. Избранное: Мысли о жизни, истории, культуре. – М.: Российский фонд культуры, 2006. – 198 б.
10. Ушинский К.Д. О необходимости сделать русские школы русскими // Из-бранные пед. соч.: в 2 т. – М., 1974. – Т.1. – С. 207–216 б.
11. Кузнецова, Л. В, Буданцова, А. А. Семья как воспитательная среда ребенка / Л. В. Кузнецова, А. А. Буданцова // Педагогическое образование и наука. – 2010. – № 12. – С. 84–89 б.
12. «Қазақстандық отбасылар» Ұлттық баяндамасы, Қазақстан қоғамдық даму институты ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі 2020- Нұр-Сұлтан.
13. Ы. Алтынсарин, Таза бұлақ: өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар / Ы. Алтынсарин. – Алматы 2008 -207 б, (Балалар әдебиеті)
14. Ы. Алтынсарин, Әңгімелер: морнография –Алматы 1980
15. Ы. Алтынсарин, Қазақ хрестоматиясы: монография – Алматы: Білім, 2003-111 б.
16. Никитина, Н. Н. Развитие ценностного сознания учителя / Н. Н. Никитина // Педагогика. 2000. - № 6. - 65-70 б.

ҚОСЫМША

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Меркі ауданының білім бөлімінің Мұхтар Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Анисова Назгүл Төлендіқызының тәжірибесінен

Білім беру орны:	Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Меркі ауданының білім бөлімінің «Мұхтар Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Анисова Назгүл Төлендіқызы
Тақырыбы:	«Отбасы тәрбиесі- ұлттық құндылық негізі»
Сынып:	10 сынып
Мақсаты:	Жаңа Қазақстан үшін отбасында қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, мәдениетін ұлттық құндылықтар аясында кеңейту.
Міндеті:	- отбасы мен мектепте ата-аналардың оқу және тәрбие істеріне араласу белсенділігін арттыру және жан-жақты қолдау көрсету; - әрбір отбасында балалардың еңбек дағдыларын, рухани-адамгершілікке тәрбиелеуді жан-жақты дамытуға ықпал ету - ата-аналарды ұлттық құндылықтарды күнделікті өмірде іс жүзіне асыруды қажетсінуге тәрбиелеу.
Оқыту нәтижесі:	Оқушылар бойында ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытады, отбасы тәрбиесінің бастауы – ұлттық құндылықтарда екенін түсінеді, дәріптейді.
Негізгі идеясы:	«Ынтымақтастық» және «құндылыққа бағдарланған тәсіл»
Әдіс-тәсілдер:	«Тірек сөздер» әдісі, жетелеуші сұрақтар, «Кроссенс» әдісі.
Құрал-жабдықтар:	компьютер және мультимедиялық проектор, интерактивті тақта, дыбыстық құрылғы.
Қатысушылар:	Сынып жетекшілер, ата-аналар

Барысы

Кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Қатысушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымд астыр у	Дайындық- ұйымдастырушылық кезеңнің мақсаты: Шебер сыныпта тиімді жұмысты жүргізуді жүзеге асыруды ұйымдастыру. Міндеттері: Қатысушылардың зейінін аудару, аудиторияда қатысушылардың тиімді және жақсы көңіл күймен жұмыс жасауына ықпал ету. Әдістері: Әңгімелесу, қатысушыларды өзіне жақын тарту. Тұлға бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта,	Зейіндерін аударады. Пікірлерін білдіреді	Мадақтау сөздері	интерактивті тақта

	<p>мемлекет болса, ұлттық құндылық, ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші. Ал ұлттық құндылықтар дегеніміз не?</p>			
<p><i>Негізгі бөлім</i> Топқа бөліну Мақсаты: <i>Тірек сөздерді таңдау арқылы топқа бөлу</i></p> <p>Топтық жұмыс. Мақсаты: <i>белсенді оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімділігін көрсету</i></p>	<p>Отбасы құндылықтарын дәрептейтін «Тірек сөздер» бойынша үш топқа бөлінеді.</p> <p>1-топ: «Бауырмашылдық» 2-топ: «Адамгершілік» 3-топ: «Мейірімділік»</p>	<p>Топ мүшелері тірек сөздер бойынша үш топқа бөлінеді.</p>	<p>Стикерлер</p>	<p>Тірек сөздер жазылған қағаз қиындылары</p>
	<p>«Кроссенс» әдісі Барлығы 9 ұяшық, әр ұяшықтағы сурет келесі ұяшықтағы суретпен байланысты болады.</p> <p>Ал ортадағы сурет – негізгі, ол бірнеше суреттерді байланыстырып тұрады. Солдан оңға, немесе жоғарыдан төмен де оқуға болады.</p> <p>Тапсырма: берілген суреттердің ортақ тақырыбы мен көтерілген мәселені анықтаңыз</p>	<p>Әріптестер өз ойларын ортаға салып талдайды.</p> <p>Топ мүшелері берілген кроссенсті шешіп, бүгінгі шебер сыныптың жалпы тақырыбын анықтайды. (Отбасы тәрбиесі- ұлттық құндылық негізі)</p>	<p>«Бас бармак» әдісі</p>	<p>Ұяшықтағы суреттер</p>
				
<p>Негізгі бөлім: <i>Мектептегі іске асырылып жатқан жобалармен</i></p>	<p>Ұлттың болашағы - ұрпағында болса, ұрпақтың тәрбиесі - ұстаз қолында. Ал, ұстаз мұраты -жетілген, толыққанды азамат тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі- адамзат баласының асыл мұраты.</p> <p>Сыныптың тәрбие жұмысын ұйымдастыруда сабақтан тыс қызметтер үлкен рөл атқарады. Балалардың қызығушылығына қарай мектепте сабақтан тыс мынадай жобалар іске асырылды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.«Мектептің өзін-өзі басқаруы» 2.«Дебат қозғалысы» 3.«Оқуға құштар мектеп» 4.«Отбасы - мектеп» 5.«Дәстүр мен ғұрып» 6.«Еңбек – елдің мұраты» 			

таныс
тыру.

7. «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет»
8. «Музей сабақтары»
9. «Театр сабақтары» жобасы
10. «Берекелі шаңырақ» жобасы



Тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін біріктіреді. Осындай жұмыстарды атқаратын мектептің бағбаны - ол сынып жетекшісі.



Сынып жетекшісі – қоғам мен бала арасындағы адамзат жинақталған мәдениетті игеру, әрқилы тәрбиелік мәні бар шаралар арқылы сынып ұжымын ұйымдастырушы; әр баланың өзін өзі ашып көрсете білуіне және әрбір баланың даралығын, қайталанбас қасиеттерін, сақтай, дамыта отыра, оның әлеуетті мүмкіндіктерін ашуына жағдай жасаушы, балалық мүдделерін қорғаушы.

Сынып жетекшілер мектептегі жобалар жайлы білімдерін кеңейтіп, тәжірибелер жинақтайды.

Отбасы тіршілігінде ұлттық құндылықтар, салт-дәстүрлер үнемі сақталып отырса, баланың ұлттық сана-сезімі ерте оянады. Әр көкірегі ояу қазақ баласының ұлттық құндылықтарды меңгеруі оның отбасылық құндылықтарды меңгеруінен басталады. Егер адам отбасының үлкен құндылық екенін түсініп, ата-ана алдындағы парызын өтеуге бейімделген болса өсе келе ол бұл бағыттың біртіндеп Отан алдындағы борышымен, азаматтық парызына ұласатынын аңғарады. Сондықтан әр ата-ана баланың отбасылық құндылықтарды толық меңгеруіне мүмкіндік жасағаны абзал. Отбасындағы құндылықтарды бағалай алмаса, адам ұлттық құндылықтарды да құрметтемей өтуі мүмкін. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген қанатты сөз де осы ойдың дұрыстығын меңзейді. Отбасылық тәрбие арқылы қалыптасатын ұлттық құндылықтар балада ұлттық таным жүйелі қаланып, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан жағдайда ғана ол ұлт мүддесін ойлайтын, елжанды азамат бола алады.



	<p>Тапсырма: Әр топ өз отбасындағы ұлттық құндылықтар тізбегін жасау.</p>	<p>Әр топ өз отбасындағы ұлттық құндылықтар тізбегін жасайды.</p>		
<p><i>Қорытынды кезең. Мақсаты: қатысушылардың алынған ақпараттарының игеру дәрежесін анықтау.</i></p>	<p>Егер сізге шебер сынып ұнаса және осында қолданылған әдістерді өз сабақтарыңызда қолдансаңыз, жасыл алманы таңдаңыз.</p> <p>Егер сізге бұл шебер сынып ұнаса, онда сары алманы таңдаңыз.</p> <p>Егер бұл шебер сынып сіздерге ұнамаса, онда қызыл алманы таңдаңыз.</p>	<p>Қатысушылар алмаларды таңдап, алма ағашына іледі.</p>		   

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1 Жеке тұлғаны тәрбиелеудегі отбасылық құндылықтар.....	4
2 Жеке тұлғаны тәрбиелеудегі ұлттық құндылықтар.....	10
3 Отбасылық және ұлттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны тәрбиелеудің шетелдік және отандық тәжірибесі.....	14
4 Ұлттық және отбасылық құндылықтар негізінде білім алушының жеке басын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.....	26
Қорытынды.....	43
Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	44
Қосымша.....	45

Ұлттық және отбасылық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Басуға 24. 11.2022. ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 4.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Б.І. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК
010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Алтын Орда»
БО, 15-қабат